

АҚШ ПРЕЗИДЕНТІ ӘЙЕЛ БОЛУЫ МҮМКІН БЕ?

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№30
(1733)
25 шілде
2024 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.Qaa.kz qaa.kz Ақжәшіт Ақшамы Газеті

БАҒЛАНОВАНЫҢ БАҒЫ ЖАНБАЙ ТҰР...

Тілшінің тіршілігі көпке қызық. Ізденіс ізінде жүретін қауымның «арқалаған алтыны» сапасызданды ма, әлде журналистің жұмысын тек биліктің жұмысын ақпараттандыру деп қабылдау басым ба, әйтеуір, саланың бүгінгі буыны қалқансыз батыр сезінеді өзін. Өңгіме бұл жайында емес, оқшау ойды жеткізуде жатыр...

Айтсын, айтпасын, бүгінде ескерткіш орнату сәнге айналған. Осыдан тура екі жыл бұрын көктем мезгілі кезінде сырбойылық әнші, КСРО халық әртісі, Халық қаһарманы Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО және республика көлемінде атап өтіліп, Қызылорда қаласындағы Орталық алаңда оның ескерткіші ашылды.

Сол сәтте «Сырда өнердің тойы басталды. Сырдан қанаттанып, өресі биік ән падишасына айналған ғазиз-ғұмыр иесінің мерейтойлық шаралары Қызылорда қаласының Орталық алаңында Роза Бағланова ескерткіші ашылуымен бастау алды» мәтінімен ақпарат құралдары жаңалықты жарыса жазып жариялады.

Бүгінде сол Орталық алаң қайта түрленіп, жаңаша өңмен қаланың көркін ашып тұр. Көз тыныш болғанымен, сана сәнденбей тұр. Ұзындығы 5-7 метрді құрайтын ескерткіш әркімнің есімін ойып жазатын орнына айналып кете ме деген ой алаңдатады.

Ескерткіштің авторлары мүсіншілер Мұрат Сыдықов пен Бауыржан Кененбай. Тұғыры граниттен, негізі қоладан құйылған ескерткіш қаншалықты қала көркі болса да, оны өз мүлкіндей көріп, жаны ашитын жерлес көп болса игі. Жолдан өтіп бара жатып, жасөспірімдердің соған су шашып, қолындағы заттармен зиян тигізуге әрекеттеніп жатқанын байқады. Көре сала Бағланованың базынасын сезінгендей күй кешті.

Жалпы вандализм қоғам үшін үлкен зиян келтіреді. Біріншіден, ол мәдени мұраны жойып, тарихи және өнер туындыларын бүлдіреді. Мүсіндер мен ескерткіштер тек өнер туындысы ғана емес, олар өткен ұрпақтың мәдениеті мен тарихының куәсі. Вандализм оларды жою арқылы келешек ұрпаққа мәдени мұраны жеткізу мүмкіндігінен айырады.

Екіншіден, вандализм қоғамның моральдық құндылықтарын төмендетіп, азаматтардың арасындағы сенімділікті бұзады. Қоғамдық орындардағы мүсіндер мен өнер туындыларына зиян келтіру – бұл қоғамдық мүлікке жасалған қиянат. Бұл әрекеттер қоғамның өз мүлкіне деген құрметін азайтып, адамдар арасында негативті көзқарастарды тудырады.

Өмірінде тек ақшыл түсті ұлттық киім киіп, өн салғанымен мәңгілік тұғырында сұр түсті көрінетін ескерткіш Бағланованың мекен-жайы өзіне сай көрінбейді. Орталық алаңның бір бұрышында «сұрланып» тұрған өнер иесі жаңадан ашылған «Өнер орталығының» алдында тұруға сұранып тұр...

Мұхаммедшах КАЮП



5 АДАМҒА ӨМІР СЫЙЛАДЫ

Еліміздегі University Medical Center клиникаларында орган трансплантациясын күту тізімінде тұрған үш пациентке донорлық органдарды трансплантациялау бойынша операциялар сәтті өтті. Донор геморагиялық инсульталған 44 жастағы әйел болды, дәрігерлер консилиумы ми өлімін тіркеді. Қиын жағдайда оның туыстары орган донорлығына келісім беріп, бес адамға өмір сыйлады.

UMC Жүрек Орталығында медициналық топ бұрын LVAD механикалық қан айналымын қолдау құрылғысы имплантацияланған 43 жастағы пациентке донорлық жүрек трансплантациясын жасады. Екінші пациентке өкпе трансплантациясы жасалды. UMC Ана мен Бала Орталығында 15 жасар қызға бүйрек трансплантациясы жүргізілді. Барлық реципиенттердің жағдайы қанағаттанарлық, олар мамандардың бақылауымен оңалтудан өтіп жатыр.

Сондай-ақ, екінші донорлық бүйрек пен бауыр Астана қаласындағы Ұлттық ғылыми онкология орталығында пациенттерге трансплантацияланды. Донорлық органдарды трансплантациялау ең күрделі операциялардың бірі, алайда тәжірибе, дағдылар және техникалық жаратандыру оларды біздің елімізде жоғары деңгейде орындауға мүмкіндік береді. Жүрек пен өкпе трансплантациясы қайтыс болғаннан кейінгі донордан, ми өлімі расталған кезде ғана жүзеге асырылады. Алайда, одан кейінгі процесс көбінесе әлеуетті донордың жақын туыстарының шешіміне байланысты.

Ағзаларды трансплантациялауды сәтті жүргізу – әртүрлі мемлекеттік және медициналық қызметтердің үйлесімді топтық жұмысы. Бірінші кезекте, операция жүргізуге келісім берген донордың жақындарымен туыстарына, Ақмола облысы Кеңесалы облыстық ауруханасының мамандарына, UMC және ҰҒОО клиникаларының трансплант-үйлестірушілерімен трансплантологтарына алғысымызды білдіреміз. Сондай-ақ, Көкшетау қалалық ІІБ патрульдік полиция батыланының қызметкерлеріне, Ақмола облысы полиция департаментінің жергілікті полиция басқармасына көліктік сүйемелдеу көрсеткені және «жасыл дәлізді» қамтамасыз еткені үшін, сол арқылы донорлық органдарды тасымалдау кезінде уақытты қысқартуға көмек көрсеткені үшін алғыс айтамыз.

University Medical Center баспасөз қызметі

12 ЖАСТА БАЛА АНАСЫ...

Павлодар облысында 12 жастағы оқушы қыз зорланған соң жүкті болып, дүниеге сәби әкелді. Басты күдікті оның туысы болып шықты. Оқиғаның бәрі өңірдегі Шарбақты ауданында болды. Қыздың жүктілігі туралы бірінші болып мұғалімдер білген. Мұғалімдер оқушы қыздың бойындағы өзгерісті байқап, ата-анасына хабарлаған.

Мәліметтерге сенсек, жасөспірімді зорлады деп оның туысы, жергілікті колледж студенті күдікке ілінді. Мектеп оқушысы қазір өзін жақсы сезініп, қызды дүниеге әкелді. Шенеуніктер баланың мектепті ойдағыдай бітіруі үшін барлық шараны қолдануға уәде берді.

- «Жүктілік фактісін мектеп әкімшілігі оқушы көктемгі каникулдан оралғаннан кейін анықтады. Содан кейін ақпарат тиісті органдарға берілді. Бойжеткен мен оның анасы дереу ауруханаға жеткізілді. Наукас облыстық перинаталдық орталыққа 19 шілдеде түсіп, 20-сы күні босанған. Ана мен баланың жағдайы қанағаттанарлық деп бағаланып отыр. Қазір Шарбақты ауданының ішкі істер органдары тергеу амалдарын жүргізіп жатыр», - деді Павлодар облысының білім басқармасы.

Оқушы қыздың өзі атаулы әлеуметтік көмек алатын көпбалалы және аз қамтылған отбасынан шыққан. Әкімдік қыздың әкесіне жұмысқа орналастуға да көмектесті. Ол қазір Галкин атындағы мектепте от жағушы болып жұмыс істейді. Кәмелетке толмаған баланы зорлау дерегі бойынша Қылмыстық кодекстің 120-бабының 4-бөлігі (Бірнеше рет зорлау) бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп жатыр. Күдікті өмір бойына бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Осы кезде әлеуметтік желілерде мектеп директорының жұмыстан босатылғаны туралы ақпарат пайда болды. Аудандық білім бөлімі бұл деректі растамады. - «Факті анықталғаннан кейін директор жұмыста болды. Ішкі тексеру болды. Содан кейін ол уақытша еңбекке жарамсыз демалысына кетті. Еңбекке жарамсыздық парағы шыққан соң өз еркімен арыз жазды», - деп түсіндірді аудандық білім бөлімінің басшысы Маралбек Итемғенов.

Бұл – биыл Шарбақты ауданында жасөспірімдердің жүкті болуының екінші оқиғасы. Қазір екі деректі де полиция жіті бақылап жатыр. Өңірдің білім беру басқармасы жағдайды растады. Мектеп оқушысы зорланған соң жүкті болып қалған. Балалар оқумен Динара Зәкиеваның айтуынша, кәмелет жасына толмаған балаға зорлық-зомбылық көрсету фактісі бойынша тергеу жүріп жатыр. Жаңа туған нәресте қазір анасының қасында.



АҚШ-тың қазіргі Президенті Джо Байден алдағы президент сайлауында дауысқа түспейтін болып, ғайыптан бағы тайды. Оның орнына демократтар вице - президент Камала Харрис кандидатурасын ұсынып жатыр.

Камала Харристің жасы 59 – да. Окленд тумасы. Өзін афроамерикалықпен деп есептейді. Қара нәсілділердің мүддесін жоғары қойып, солардың құқығы үшін күреседі.

Демократтар пікірінше биылғы жылдың 5 қарашасында өтетін Президент сайлауында бақ сынайтын үміткерлердің бірі де, бірігейі де саналатын Дональд Трампқа Камала нағыз қарсылас. Қазірдің өзінде 50 штаттың барлығындағы демократияның өңірлік штаб басшылары, ірі донорлардың көпшілігі оны жақтап, зор үмітте екендіктерін білдірді.

Бірақ, Джо Байденмен салыстырғанда Камаланың Джодан идеологиялық та, саяси тұрғыдан да еш айырмашылығы жоқтығы, Байденмен Камаланың көп мәселеде көзқарастары бір екендігі республикалықтардың жеңіске жетуіне жол ашуы да мүмкін деп топшылаушылар да бар.

Дегенмен бұрынғы президент Билл Клинтон, оның жұбайы, 2016 – шы жылғы Президент сайлауында Д.Трампқа есе жіберіп алған Хиллари Клинтон да Камалаға қолдау білдірді.

Ал, демеушілер Камаладан қаржы аяп жатпағанды ұқсайды. Мәселен, Джо Байден Вашингтон уақытымен 13 –тен 46 минут өткенде өзінің сайлау науқанынан шет қалатынын мәлімдеген. Арада бар болғаны алты сағат өткенде Камала шотына 27,5 млн. доллар қаржы түскен. Үш сағаттан кейін Камаланы қолдау қаржысы 55 млн. доллардан асқан.

Ірі донорлар қаржыны тек Камала үшін аударып отырғандарын, егер де оның орнына басқа біреу үміткер болса, қаржыларын қайтарып алатындарын ескерткен.

Қаржы донорларының ең ірісі Джордж Сорос пен оның баласы Алекс болып отыр.

Жалпы, Камала Харрис АҚШ – тың Президент сайлауында додаға түсіп отырған жалғыз әйел емес. 2016 жылғы сайлауда демократиялық партиясынан дауысқа түскен Хиллари Клинтон 48,2% дауыс жинап, Трампқа есе жібереді. 2020-шы жылы Д.Иоргенсен либертариан партиясынан дауысқа түсіп 1,86% - ға ие болған. 2012-шы және 2016-шы жылғы сайлауларда жасылдар партиясынан Джилл Стайн алғашқыда 0,47 кейіннен 1,4%, 1988 –ші жылы «Жаңа Альянс» партиясынан Ленора Фулани 0,22; 2008 – ші жылы жасылдар партиясынан Синтия Маккинни 0,16% дауыс жинаған.

Демек, жыл сайын сайлаушылардың әйел үміткерлерге үміті артып, дауысы көбейіп келеді...

АУРУХАНА КӨБЕЙГЕНІМЕН АУРУ АЗАЙДЫ МА?

“Amanat” партиясы жергілікті филиалының партиялық бақылау топ мүшелерімен бірге қаладағы денсаулық сақтау нысандарын аралағанда мемлекеттік емдеу орындарының жағдайы сын көтермейтіндігі байқалды.

Мәселен, Тасбөгет кентіндегі №4 емхана типтік емес, яғни емхана қызметіне бағытталмаған ғимаратта орналасқан. Осындай азып-тозып, материалдық жағдайы төмен №5 емхана мен оның бұрынғы жетім балалар интернатына орналасқан филиалының жағдайын көргеннен кейін халықтың ақылы дәрігерлік қызметті не үшін таңдайтынын түсінесін.

Қалалықтарға дәрігерлік қызмет көрсететін темір жол емханасы жеке меншікке өткелі бері керемет өзгерді. Ғимарат жөндеуден өтті, жаңа құрал-жабдықтар алынды. Жалпы бүгінгі күні қаптаған жеке клиникалармен мемлекеттік емханаларды салыстыра келе жеке меншік емдеу орындарына инвестиция салып жатқанда, мемлекет мемлекеттік емханаларға неге қаржы салмайды дейтін сұрақтың тұратыны рас.

Ресми ақпарат бойынша биылғы жыл басында елімізде 872 аурухана тіркелген. Бұл былтырғы жылдан 6,6%-ға артық.

Аурухананың көптігі жағынан Шымкент бірінші орында. 101 ауруханасы бар өңірдің аурухана бойынша жылдық өсімі 14,8 % болып отыр. Екінші орында 88 ауруханасы бар Алматы. Одан кейін әрқайсысында 56 ауруханасы бар Жамбыл мен Түркістан.

Ал, Ұлытау, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан ауруханалары аз болып, көш соңында.

Ал, енді керуерт санына келетін болсақ, өткен жылмен салыстырғанда 1,1%-ға ғана көбейген.

Алматыда бір жыл ішінде керуерт саны 7,6%-ға өсіп, керуерт бойынша ел алдында. Астана, Ұлытау облысы керуерт саны ең аздар қатарында.

Шығыс Қазақстан облысында да керуерттер көп қосылмаған.

Ресми ақпарат көздерінің тағы бір мәліметі бойынша соңғы бес жылда 400-ге тарта емдеу орындары ашылған. Медициналық құрал-жабдықтар алуға 261 млрд. тенгеден астам қаржы жұмсалған. Соған қарамастан дәрігерлік орындар инфрақұрылымының жартысы тозған. Өрі қызмет етіп тұрған нысандардың жартысының пайдалану мерзімі 40 жылдан асып кеткен.

Медициналық құрал-жабдықтармен қамтылу деңгейі 80%-дан астам болғанымен дәрігерлік қызмет көрсету сапасы техникалардың тозуына орай өте төмен.

Биылғы жылдың алғашқы тоқсанында денсаулық сақтау қызметіне 719,8 млрд. тенге жаратылған, яғни алдыңғы жылдан 4,6%-ға артық. Оның ішінде бюджет есебінен 266,4 млрд. тенгеге, тұрғындар есебінен 31,3 млрд. тенгеге, кәсіпорындар есебінен 66,8 млрд. тенгеге қызмет көрсетілген.

Денсаулық сақтау саласына бөлінген қаражаттың жартысы, яғни 364,5 млрд. тенге ауруханаларға бағытталған. Бұл өткен жылдан 3%-ға артық.

Р.С. Ауруханалар саны көбейгенімен керуерт саны көбеймей отыр. Денсаулық сапасына бөлінетін қаржы көбейгенімен, көрсетілетін қызмет сапасы көтерілмей тұр. Дәрігерлік құрал-жабдықтарға бөлінетін қаржы көбейгенімен құрал-жабдықтардың жартыдан астамы тозып тұр.

ШЖҚ «Қызылорда газ тарату жүйесі» КМК-ның
2024 жылдың 1-жартыжылдығына шекті бағада ескерілген
тауарлық газды сатып алу жөніндегі қаражатты пайдалану туралы
ақпарат (БИН 191240024876), лицензия 26.02.2020ж №20003713

Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуі бойынша қызмет атауы	Өткізу көлемі (мың текше м)			Өткізу көлемдері (мың теңге)			Босатылу бағалары теңгемен (қосымша құн салығынсыз)			Кірістілік деңгейі		
	Барлығы	Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша		Барлығы	Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша		Барлығы	Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша		Қызметтерді (жұмыстар) көрсетуден түскен кіріс, теңгемен	Қызметтер, (жұмыстар) көрсетуге кеткен шығын, теңгемен	Кірістілік деңгейі, %-бен
		Заңды тұлғалар	Халық		Заңды тұлғалар	Халық		Заңды тұлғалар	Халық			
Тауарлық газды бөлшек саудада өткізу Теренөзек кенті бойынша	4 596,9	972,1	3 624,8	85 974,6	18 184,2	67 790,4	18,70	18,71	18,70	85 974 602,5	90 758 838,9	-5,3
Тауарлық газды бөлшек саудада өткізу Жалағаш, Жосалы кенттері бойынша	12 777,6	2 305,5	10 472,1	230 873,9	41 684,7	189 189,2	18,07	18,08	18,07	230 873 945,6	208 508 437,3	10,7
Барлығы	17 374,5	3 277,7	14 096,9	316 848,5	59 868,9	256 979,7				316 848 548,1	299 267 276,2	5,9

Информация об использовании средств по покупке
товарного газа, учтенных в предельной цене, за 1-ое
полугодие 2024 года по КГП на ПХВ «Қызылорда газ тарату
жүйесі».(БИН 191240024876), лицензия 20003713 от 26.02.2020 г

Наименование услуг по общему классификатору экономической деятельности	Объемы реализации (тысяч кубических метра)			Объемы реализации (тысяч тенге)			Отпускная цена в тенге (без налога на добавленную стоимость)			Уровень доходности		
	Всего	В том числе по группам потребителей		Всего	В том числе по группам потребителей		Всего	В том числе по группам потребителей		Доход от оказания услуг (работ), в тенге	Затраты от оказания услуг (работ), в тенге	Уровень доходности, в %
		Юридические лица	Население		Юридические лица	Население		Юридические лица	Население			
Розничная реализация товарного газа п.Теренөзек	4 596,9	972,1	3 624,8	85 974,6	18 184,2	67 790,4	18,70	18,71	18,70	85 974 602,5	90 758 838,9	-5,3
Розничная реализация товарного газа п.Жалағаш и п.Жосалы	12 777,6	2 305,5	10 472,1	230 873,9	41 684,7	189 189,2	18,07	18,08	18,07	230 873 945,6	208 508 437,3	10,7
Всего	17 374,5	3 277,7	14 096,9	316 848,5	59 868,9	256 979,7				316 848 548,1	299 267 276,2	5,9

ШЖҚ «Қызылорда газ тарату жүйесі» КМК-ның 2024 жылдың
1-жартыжылдығына шекті бағада ескерілген тауарлық газды
сатып алу жөніндегі қаражатты пайдалану туралы ақпарат
(БИН 191240024876) , лицензия 26.02.2020ж №20003713

Шығындар	Бекітілген шығындар сметасы, мың тенге, ҚҚС-мен	Нақты шығындар, мың тенге, ҚҚС-мен	Айырма
Табиғи газды сатып алу шығындары	522 610,99	162 462,93	-360 148,06

Информация об использовании средств по покупке
товарного газа, учтенных в предельной цене, за 1-ое
полугодие 2024 года по КГП на ПХВ «Қызылорда газ тарату
жүйесі».(БИН 191240024876), лицензия 20003713 от 26.02.2020 г

Статья затрат	Утвержденная смета затрат, в тыс тенге , с НДС	Фактические затраты, в тыс тенге с НДС	Разница
Затраты по покупке природного газа	522 610,99	162 462,93	-360 148,06

АЛАЯҚ АДВОКАТТЫҢ АҚЫРЫ

Қызылорда қалалық №2 сотында ҚР ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігі 1-тармағымен, ҚК-нің 28-бабы 4-бөлігі арқылы 367-бабы 3-бөлігі 1-тармағымен айыпталған А. мен Г.-ге қатысты қылмыстық іс қаралды.

Сотталушы А. адвокаттық қызмет көрсете жүріп, әйелі сотталушы Г.-нің танысы азаматша М.-ны қылмыстық іс бойынша жауаптылықтан босатып беремін деген негізбен оны алдап, сенімін теріс пайдаланып, оған қатысты тексеруді тоқтатып, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастамау мәселесін Департаменттің лауазымды тұлғаларымен шешіп беремін деп 8 000 000 тенге айтарлықтай мөлшерінде пара беру керектігін айтып сендірген.

Олардың алаяқтық пингидарынан бейхабар болған жәбірленуші М. олардың алдауына көніп, тексеруді тоқтату үшін 8000 000 тенге пара беруге келісімін беріп, 5 000 000 теңгені қолма-қол берген.

Сотталушылар А. мен Г. аталған 5000 000 теңгені алдап алғанымен қоймай, қылмыстық іс-әрекеттерін сонына дейін жеткізу мақсатында қалған 3000 000 теңге ақша қаражатын алу үшін қайта-қайта хабарласып, Департаменттің лауазымды тұлғалары параның қалған бөлігін сұрап жатқандығын жалған айтып, қалған 3 000 000 теңгені қолма-қол алып, соныға қатысты тексеруді тоқтатылатынын айтып, алған ақша қаражаттарды Департаменттің лауазымды тұлғаларына бергендігіне сендірген.

Нәтижесінде жәбірленуші 8000 000 теңге ақша қаражатын алаяқтық жолмен иемденіп алып, М.-ға ірі мүлдіктің залал келтірген.

Басты сот талқылауында жәбірленуші М. өзіне келтірілген мүлдікті шығын қайтарылғанын, сотталушыларға кешірім беретінін, талап арызынан бас тартуына байланысты қараусыз қалдыруды сұрайтынын, сотталушыларға жаза мәселесі жөнінде соттың құзырына қалдыратын айтып көрсеткен.

Сотталушылар ҚР ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігі 1)-тармағымен, ҚК-нің 28-бабы 4-бөлігі арқылы 367-бабы 3-бөлігі 1)-тармағымен кінәлі деп танылып, ҚК-нің 58-бабы 3-бөлігінің талабына сай онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң тазасаңдары арқылы, әрқайсысына түпкілікті мемлекеттік қызметте және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымдарды атқаруға өмір бойына айыра отырып, 7 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалып, жазаларын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтеуге белгіленді.

Қызылорда қаласының №2 соты

ҚОР 2024 ЖЫЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА ШАМАМЕН 1,27 ТРЛН ТЕҢГЕ ТӨЛЕДІ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында медициналық ұйымдарды қаржыландыру барысы туралы есеп берді. Бүгінде еліміз бойынша амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қоса алғанда жалпы 1 трлн 272 млрд теңге төленді. Қазір 2024 жылы көрсетілген медициналық қызметтерге төлемдер жүргізілуде.

22 шілдедегі жағдай бойынша ӘМСҚ-ның Қызылорда облысы бойынша филиалы 112 медициналық ұйымға биылғы қаңтар-наурыз және ішінара сәуір айлары үшін актілерге 60,2 млрд теңге төленді.

«Шілденің соңына дейін сәуір айына төлем жасауды аяқтап, мамыр айына актілерге төлем

жасауға көшу жоспарлануда. Қаржыландыру кезеңдері қазақстандықтардың медициналық көмек алуына кедергі келтірмеді және кедергі етпеуі тиіс екенін атап өткізіледі», – деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Индира Саркенова.

Сонымен бірге Қор медицина қауымдастығын шарт аясында бөлінген қаражатты ұтымды пайдаланып, сондай-ақ қазақстандықтарға медициналық көмек көрсетуден бас тартпауға шақырды. Жалпы алғанда жағдай Қордың бақылауында және медициналық ұйымдарды үздіксіз қаржыландыру бойынша барлық қажетті шаралар қабылданып жатыр.

АБАЙСЫЗДА АДАМ ӨЛДІ

Қармақшы аудандық сотында ҚР ҚК-нің 345-бабының 3-бөлігімен сотталушы шетел азаматы Н.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды.

Іс құжаттарына сәйкес сотталушы Н. жүк көлігін «Шымкент-Самара» тас жолымен басқарып келе жатып, бір бағытта келе жатқан жүк көлігін басып озамын деп, жолдың қарсы жүру бөлігіне шыққан сәтінде қарама-қарсы бағытта өз жолымен келе жатқан көлікпен соқтығысып, нәтижесінде жүргізуші дене жарақаттарын алып, екінші көліктегі жолаушы шетел азаматы оқиға орнында көз жұмған.

Сотталушы тағылған айыпты мойындап, рульдік басқару жүйесіне ие бола алмай қалғанын, жол көлік оқиғасы абайсызда болғанын, жасаған іс-әрекеті үшін өкініп, марқұмның туыстарынан кешірім сұрады.

Сот үкімімен ол кінәлі деп танылып, 2 жыл 6 ай мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айрыла отырып, 2 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Қармақшы аудандық соты

«ЕСІРТКІСІЗ АЙМАҚ» РЕЙДІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Бүгінгі күні жалпы қоғамның негізгі басты мәселелерінің бірі – есірткі. Есірткі баяғы замандардан келе жатқан дерт екені тарихтан белгілі. Биылғы жылы да «Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орманшы қызметкерлері өздеріне қарасты мемлекеттік орман қоры жерлерінде ағаштар мен бұталарды заңсыз кесулердің алдын алу, дәрілік өсімдіктер аудан бойынша бөліктерін заңсыз дайындау деректерін болдырмау, тыйым салынған есірткі тектес қара сора өсімдігін өсірмеудің алдын алу жұмыстары және басқа да орман заңнамаларының бұзылуына жол бермеу мақсатында жұмыстар жасауда. Олар жергілікті жерлердің, дария бойындағы және орман-тоғайдың қалың өскен жерлерін тексеру жұмыстарымен айналысуда. Сырдария ауданы прокуратурасымен өзінше «Сырдария ауданы аймағында құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді өгіп-өсіру қылмыстық құқық бұзушылықтарының алдын алу, анықтау және олар бойынша тиісті шаралар қолдану» жөніндегі 2024 жылға арналған іс-шара жоспарына сәйкес бүгінгі күндері аудан бойынша полиция қызметкерлерімен, ауылдық округтер әкімдік мамандарымен бірлескен рейдтер жүргізіліп жатыр. Жұмыс кезінде байланыс құралдары мен дрондар пайдаланылуда. Бүгінгі күнге дейін мекемеге қарасты орман қоры жерлерінде есірткі алқаптарының анықталу жағдайлары тіркелген жоқ. Дегенмен бұл жұмыстар жыл сайын жалғасын таба беретін болады. Есірткінің адам ағзасына зиянын ескере отырып, жерімізде осындай зияны ұшан - теңіз өсімдіктің өсуіне жол бермеу мақсатында жергілікті тұрғындарға және табиғат пайдаланушыларға айтарымыз, табиғат аясында жүрген кезіңізде өсіп тұрған есірткі өсімдігін көзіңіз шалып қалса, еш әрекетке бармай, дереу құзырлы орындарға хабарласуыңызды сұраймыз.

«Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ!

Қазір жаз маусымы. Балалардың жазғы демалысы, ересектердің еңбек демалысы, серуендеу және әріне, шомылу уақыты. Яғни теңізде, бассейнде, су айдынында шомылу. Бірақ, қай жерде шомылсаңыз да, ешқашан судағы қауіпсіздік ережелері туралы ұмытпау керек.

Су әріне, біздің досымыз. Иә, біз өзіміз 90% судан тұрамыз. Бірақ кейбір жағдайларда су қауіпті болуы мүмкін. Бұған жол бермеу үшін ересектер мен балалар жазғы кезеңде шомылу маусымында белгілі бір тәртіп ережелерін сақтауы қажет. Бүгін соларды еске түсіреміз.

Бұзуға болмайтын 10 маңызды ереже. Бірінші кезекте балалар тек ересектердің бақылауымен шомыла алады деп айтқым келеді! Бұл – негізгі ереже.

Шомылуға арналмаған жерлерде шомылуға БОЛМАЙДЫ. Тамақ ішкеннен кейін бірден суға түсуге БОЛМАЙДЫ. Бір – бір жарым сағат өтуі керек.

Арнайы қоршаудан өтіп жүзбеңіз, егер арнайы қоршаулар жоқ болса, онда жағалаудан алыс жүзуге БОЛМАЙДЫ.

Зерттелмеген түбі бар бейтаныс жерлерде суға секіруге БОЛМАЙДЫ. Дауыл кезінде теңізге баруға БОЛМАЙДЫ.

Жүзіп білмейтін балаларды суға арнайы құралдарсыз (шеңберлер, жеңдер, матрастар) жіберуге БОЛМАЙДЫ. Шеңберлер мен матрастарда жағалаудан алыс жүзуге БОЛМАЙДЫ.

Суда тым ұзақ уақыт болуға БОЛМАЙДЫ, бір рет 10-15 минут жеткілікті. Қатты ағысты жерлерде жүзуге БОЛМАЙДЫ. Тым суық суға шомылуға БОЛМАЙДЫ (16 градустан төмен болмау керек).

Міне, осындай тізбе пайда болды, және оны толықтыруға болады. Қайықтардың, катерлердің және кемелердің жанында жүзуге тыйым салынады.

Ыстық күні суға түсу қауіпті, бұл жүректің тоқтауына және естің жоғалуына әкелуі мүмкін. Бірде-бір жағдайда қарсылас су астында ұстап тұрған кезде ойын ойнауға болмайды, бұл өте қауіпті. Шын мәнінде бәрі дұрыс бола тұра жалған дабыл көтеріп, суға батып бара жатқандай көрініс жасауды қажетті жоқ. Себебі нақты қауіп туындаған кезде сізге сенбей қалуы мүмкін.

Бұл ережелер туралы балаға алдын ала айтып түсіндіргеніңіз жөн. СУ-БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ, ЕГЕР САҚТЫҚ ПЕН САНАЛЫЛЫҚТЫ САҚАТАСАҢЫЗ.

Әрбір адамның өмірі үшін маңызды болып табылатын және әрқашан есімізде ұстауға тиісті осы қауіпсіздік ережелерін ұсынған.

ОРЫНБАСАР.О

Қызылорда қаласы ТЖ Басқармасының төлімгері М.Ғабдуллина атындағы азаматтық қорғау Академиясының КОФ 3 курс курсанты

МЕНШІК ИЕСІ:

«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор

Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары

Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:

Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)

Газет Қазақстан Республикасы
Байланыс және Ақпарат Агенттігінде

тіркеліп
№14611-Г «7» қараша

2014 жылы куәлігі берілген.

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі

№1026-Г - 11.01.2000 ж

Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет

Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында

басылды.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49

Таралу аумағы:

Қазақстан Республикасы

Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың

позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.

Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Сурет сапасына редакция жауап бермейді

ҚАРАБАЕВ “ҚЫЗЫЛОРДА-ЖЕЗҚАЗҒАН” – ДЫ ҚАРАП КЕТТІ

Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» жолы ұзақ жылдан бері күрмеуі шешілмей келген, халық арасында біраз талқыға салынған мәселелердің бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аталған автомобиль жолы құрылысын бастауды және оны жолаушылар қатынасына қолайлы, сапалы етіп салуды тапсырған болатын.

Көлік министрі Марат Қарабаев Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келіп, «Қызылорда-Жезқазған» автожолын қайта жаңғырту барысымен танысты. Сыр өңірін еліміздің орталығымен байланыстыратын күре жолдың ұзындығы 424 шақырым. Қызылорда облысының аумағындағы 216 шақырымның 140 шақырымы осы жылы аяқталады. Жоба құны 108,5 млрд. теңге.

Бүгінде Ұлытау облысының аумағындағы сегіз учаскенің құрылысымен айналысатын төрт мердігер анықталған. Оларға биыл күзде жұмысқа кірісу міндеті қойылды.

Ал Қызылорда облысындағы учаскелерде құрылыс жұмыстары 2022 жылы басталған. Оған шетелдік және жергілікті компаниялар жұмылдырылған. Бес асфальтбетон зауыты мен алты арнайы ұсақтау қондырғысы жұмыс жасайды. Аймақтағы бес учаскеде құрылыс қарқынды. Мердігерлерге 140 шақырымды биыл аяқтау міндеттелді.



Бүгінде Қызылорда облысындағы жол учаскелеріне 120 шақырым жаңа асфальт төселді (төменгі кабат). Құрылысқа 900 маман және 450 арнайы техника жұмылдырылған.

«Қызылорда-Жезқазған» автожолын қайта жаңғырту жұмыстарымен танысу барысында Көлік министрі М.Қарабаевтың қатысуымен арнайы мәжіліс өтті. Жинға Қызылорда облысы әкімінің орынбасары А. Зебешев, Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің төрағасы А. Абдуллин, «ҚазАвтоЖол» ҰҚ» АҚ төрағасы Д.Иманашев, Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль

жолдары басқармасының басшысы Ж. Сыздықов, «ҚазАвтоЖол» ҰҚ» АҚ Қызылорда облысы филиалының директоры Е. Жүнісов қатысты.

Сонымен қатар кездесуде республикалық маңызы бар «Самара-Шымкент» автомобиль жолының Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысы бағытындағы 566 шақырым бөлігін 4 жолақтыға (1-6 техникалық санатқа) ауыстыру мәселесі қаралды. Жобалау-іздістері жұмыстарын, техникалық-экономикалық негіздемесін, мердігерді осы жылы анықтау және жөндеу жұмыстарын 2025 жылдың 4-тоқсанында бастау жоспарлануда.

АРТЫҚ СУ АРАЛҒА БАРАДЫ...

Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келген Су ресурстары және Ирригация министрі Нұржан Нұржігітовке облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов Арал ауданының, Аманөткел ауылдық округі тұсындағы «Қамыстыбас» және «Ақшатау» көлдер жүйесін суландырудың жай-күйін таныстырды.

Аталған көлдер жүйесінің аумағы 40459 гектар, оның ішінде «Қамыстыбас» көлдер жүйесінің аумағы 28029 гектар, «Ақшатау» көлдер жүйесінің аумағы 12430 гектар.

Арал ауданындағы 2021 жылғы қуаңшылыққа байланысты Сырдария өзенінің «Бұрмақұлақ» арнасы бөгіліп, «Аспай» ескі ағытқысы қалпына келтірілді. Осылайша көлдер жүйесі суландырылды.

«Арал ауданындағы «Қамыстыбас» және «Ақшатау» көлдер жүйелерін суландыру үшін «Аманөткел» ауылының тұсына су торабын салу» жобасының техника-экономикалық негіздемесі әзірленіп, биыл «Мемсараптама» РМК-ға қарауға ұсынылған болатын. Жоба құны 35 млрд. теңге. Республикалық бюджеттен жоба-сметалық құжат әзірлеу ұсынылды.

Министр Нұржан Нұржігітов «Қамыстыбас» пансионатында Арал ауданының тұрғындарымен кездесті. Кездесуде су шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелер талқыланды.

Биыл вегетация кезеңінде «Шардара» су қоймасына 3,7 млрд текше метр су түседі деп болжам жасалған еді. Осы жылдың 10 шілдесіндегі мәліметтерге қарағанда, нақты 3,8 млрд текше метр су түсіп, болжам 144 пайызға орындалған.

Бүгінде «Шардараға» жоғарыдан секундына 204,7 текше метр су келіп, қоймадағы су көлемі 3 млрд текше метр болды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 752 млн текше метрге артық.

Өткен жылмен салыстырғанда облыс шекарасына 289 млн текше метр артық су түсті. Алқаптар вегетация кезеңінде сумен жеткілікті көлемде қамтылды. Өзен арқылы түскен артық су Арал теңізіне жіберілуде. Өткен жылы осы уақытта теңізге секундына 6 текше метр су жіберілсе, бүгінде 65-75 текше метр су баруда. Жыл басынан бері 1,3 млрд текше метр су құйылған.

Өрі қарай министр «Әйтеке» су торабы арқылы Солтүстік Аралға баратын су көлемін бақылап, Сырдария, Жалағаш аудандарының су пайдаланушыларымен кездеседі.

"КЕМШІЛІК ӨТЕ КӨП"

«Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте өңірдің санитарлық тазалығын қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Аймақ басшысы қала аралау барысында байқаған кемшіліктерге тоқталып, оларды шұғыл түрде жөнге келтіруді міндеттеді.

- «Бұған дейінгі мәжілістерде қала, кент, елді мекен аумақтарының санитарлық тазалығына, көгалдандыруға қатысты ескертулер айтып келемін. Өріптестер, барлық ұсыныстарыңызды қолдап, тазалыққа бюджеттен қажетті қаржыны бөліп, арнайы техникалар алып бердік. Жыл сайын қаланы абаттандыруға, санитарлық тазалықты қамтамасыз етуге, көгалдандыруға, жол белгілерін орнату және күтіп ұстауға, қала көшелерін ағымдағы, орташа жөндеуге қаржы бөлінген. Дегенмен, жұмыс өз деңгейінде жүргізілмейді. Кемшілік өте көп. Аппарат инспекторлары Қызылорда қаласы аумағына күнделікті, ал, аудандарға апта сайын зерделеу жүргізуде. Ғимараттардың қасбеті, аумағы санитарлық талапқа сай келмейді. Орталық көшелерге егілген гүлдер мен газондар осы кезде қурап жатыр. Ешқандай күтім жоқ, уақытылы суарылмайды. Қала аумағындағы 25 көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы балалар ойын алаңдарын күрделі жөндеуге облыстық бюджеттен 1 млрд. теңге қаралған. Дегенмен, жұмыс баяу жүреді», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Қала, аудан әкімдері, басқарма, департамент, мекеме басшыларына анықталған кемшіліктерді 2 күн ішінде қалыпқа келтіру тапсырылды. Жауапты басшылар әкімшілік аумақтағы барлық елді мекеннің санитарлық тазалығын қатаң бақылауға алып, көркейту-көгалдандыру, өктуе-сырлау жұмыстарын тұрақты жүргізуі тиіс. Облыс әкімі аппараты күнделікті зерделеуді өрі қарай жалғастырып, анықталған кемшіліктерді қалпына келтіру бойынша ұсыныс беретін болады.

Мәжілісте басталған құрылыстарды межелі уақытта салып бітіру, мектептердегі күрделі жөндеу жұмыстарын жаңа оқу жылына дейін аяқтау туралы тапсырма берілді.

ЕСКІ АВТОВОКЗАЛДАН ЖАҢАҒА КӨШЕДІ...



Сенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, Мәжіліс депутаты Мұрат Ерғешбаевпен бірге Қызылорда қаласындағы бірқатар нысандарды аралап, жаңарған Орталық алаңды көрді.

Кейінгі жылдары көпқабатты тұрғын үй аулақтарына балалар ойын алаңдары көптеп салынууда. Аймақ басшысы Орталық алаң маңындағы тұрғын үй аулақтарына аялдап, балалар ойнайтын алаңдарға қойылатын басты талап сапа мен қауіпсіздік екенін ескертті.

Сондай-ақ, ескі автовокзалға барып, қалалар мен аудандарға қатынайтын көліктер тұрағын сол жағалаудағы жаңа автовокзалға көшіру жұмыстарын пысықтады. Ескі автовокзал аумағындағы тазалыққа қатысты түйткілдерді атап көрсетті. Жаңа автовокзал жолушы тасымалына қойылатын талаптарға толық сәйкестендірілген. Облыс әкімі жолаушылар мен жүргізушілер игілігі үшін салынған жаңа нысанға көшіруді жеделдетуді тапсырды.

«ҚАЗГЕРМҰНАЙ» БК» ЖШС БАСШЫСЫ АУЫСТЫ



Қияқбаев Зияш Қалдыбекұлы 1967 жылы дүниеге келген. 1982 жылы Алматы индустриалды техникумынан «Металл кесетін станоктар мен автоматты желілерді монтаждау және пайдалану» мамандығын алған. 1989 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің «шығыстану» факультетін, 1997 жылы Алматы менеджмент мектебінің «МВА» бағдарламасын аяқтаған.

Еңбек жолын 1998-2006 жылдары «ҚазТрансОйл» АҚ жобаларды басқару департаментінің директорылығынан бастап, «Меркурий Инжиниринг» ЖШС директорының бірінші орынбасары, бас директоры болып жұмыс істеді. 2008-2009 жылдары «Қазақ мұнай және газ институты» АҚ жобалау жөніндегі атқарушы директоры, 2009-2012 жылдары «ҚазТрансГаз» АҚ бас директорының кеңесшісі, 2012-2014 жылдары басқару департаментінің директоры, техникалық қызмет басшысы лауазымдарын атқарды. 2014-2016 жылдары осы компанияның МТК және ТП ГТС директоры, 2016-2020 жылдары ҚР Энергетика министрлігі газ өнеркәсібі даму департаментінің директоры, 2020-2022 жылдары «Жетісу-ОблГаз» ЖШС бас директоры қызметінде болды. 2022 жылдан осы уақытқа дейін «ҚОР» МК» АҚ бас директорының кеңесшісі лауазымын атқарып келеді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мұнай-газ саласының мамандарымен кездесіп, аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму бағытындағы бірлескен жобаларды іске асыру мәселелерін талқылады. Кездесуге «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Нұрсейіт Союнов қатысып, «Қазгермұнай» БК» ЖШС-ның жаңа бас директорын таныстырды.

Нұрлыбек Машбекұлы «ҚазМұнайГаз» компаниясының басшылығына Сыр өңіріндегі ауқымды жобалар үшін алғыс білдірді.

- «ҚазМұнайГаз» акционерлік қоғамы Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосуда. Қызылорда қаласының сол жағалауынан "Оқушылар сарайының" құрылысын қарқынды жүргізуде. Жақын күндері ғимаратты халық игілігіне беретін боламыз. Қайырымдылық акциясына да белсенді қатысып, жыл сайын 70 млн.

теңгеге жуық қаржы бөліп келеді. Еліміздегі су тасқыны кезінде батыс өңірлерге гуманитарлық көмек жөнелтті. 2022 жылы облыстағы мұнай компаниялары «Қазгермұнайдың» «Оңтүстік Ақсай» кен орнындағы шикі газды өңдеу зауытына дейін газ құбырын жеткізу туралы Энергетика министрлігімен меморандумға қол қойған болатын. Қазір құбыр құрылысының жоба-сметалық құжаттамалары әзірленуде. Бұл бастама арқылы компания өңделетін газ қорын ұлғайтуға және облыстың әлеуметтік-экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосады», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Кездесуде «Қазгермұнай» БК» ЖШС бұрынғы бас директоры Ринат Ізмұханбетке Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды. Облыс әкімі компанияның жаңа басшысы Зияш Қияқбаевқа сәттілік тіледі.

БҮГІН ШЫҒЫП, ЕРТЕҢІНЕ ҰМЫТАТЫН ІС ЕМЕС...

ҚР Президентінің кеңесшісі Ернар Баспаевтың төрағалығымен өткен кезекті мәжілістің күн тәртібінде тағы да «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясын өткізудегі кейбір мәселелер мен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру барысы талқыланды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен Қызылорда облысында 12 300 орынға арналған 21 мектеп салу жоспарланған. Биыл 6 900 орындық 10 мектеп, келесі жылы 5 400 орындық 11 мектеп пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Қызылорда облысының әкімдігі жергілікті бюджеттен 118,4 млн. теңге бөліп, мектептерге инфрақұрылым жеткізудің жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Сараптама қорытындысы алынды. Инфрақұрылым жүргізуге жергілікті бюджеттен 1,7 млрд. теңге қаржы бөлініп, 10 мектепте құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды.

Аймақта экологиялық акцияны ұйымдастырудың өңірлік іс-шаралар жоспары бекітілген. Оған қатысқан еріктілер, қоғам қайраткерлері, бюджет саласы мен кәсіпорындар қызметкерлері 13 мың тоннадан астам қоқыс қалдығын шығарып, скверлер мен парктөрткі, тарихи-мәдени ескерткіштерді, әлеуметтік, өнеркәсіп және бизнес нысандарын, су айдындарын, субұрқаттарды, арықтарды, аулалар мен көше бойларын тазартты. Тазалық шараларына 500-ден астам техника жұмылдырылды. Көркейту-көгалдандыру барысында өңір климатына жерсінетін қарағаш, терек және Сыр талының көшеттері егілді.

Айналаның тазалығы, көркейгені ең алдымен, жергілікті тұрғындарға, демалыс маусымында емін-еркін ойнау үшін балаларға керек. Экологиялық акцияны бір реттік науқан ретінде қабылдаудың жөні жоқ. Бұл туралы Мемлекет басшысы «Шын мәнінде, елімізді көгалдандыру, абаттандыру – үлкен мемлекеттік маңызы бар іс. Бұл бүгін шығып, ертең ұмытып кететін бірреттік науқан емес. Аталған жұмыс тұрақты түрде жүргізіледі. Туған жерімізді таза ұстауымыз керек. Бұл –

жалпыұлттық мәселе. Қазақстанымыз таза болуы қажет. Лас елге қонақ ретінде, инвестор ретінде ешкім келмейді. Бірақ, ең алдымен, Қазақстанның таза, көрікті болғаны біз үшін, яғни халық үшін керек. Бұл күнделікті өмір салтына айналуы қажет» деген болатын.

Бүгінде демеушілік есебінен Қызылорда қаласындағы 28 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельмен жаңартылды, 20 үйдің ауласы абаттандырылды. Орталық алаңды жаңғыртуға демеушілік есебінен 1 млрд. теңге, облыстық бюджеттен 1 млрд. теңге жұмсалды. Осы күндері алаң көпшіліктің кешкі демалыс уақытын өткізетін орнына айналды.

Қызылорда қаласындағы тарихи ғимараттың бірі теміржол вокзалы мен перроны күрделі жөндеуден өткізілді. Балалардың игілігі үшін 80 ойын және спорт алаңы салынды. Тағы 17 үйдің ауласы абаттандырылып, 14 спорт-ойын алаңы салынып, 7 ойын алаңы жөндеді. Бұл жұмыстар биыл да жалғасын табууда. Мұнан бөлек, демеушілер есебінен 63 көпқабатты тұрғын үй мен 2 әлеуметтік нысанның қасбеттерін заманауи үлгімен әрленуде. Аудандарда да көшелер абаттандырылып, ойын алаңдары мен скверлер салынууда.

Өткен жылы ғимараттардың қасбетін, аялдамаларды әрлеудің, көшелерді жарықтандыру мен сырлаудың, безендірудің, балалар ойын және спорт алаңдарын салудың бірқалып дизайн коды бекітілді. Облыс орталығынан бастап барлық елді мекендегі ғимараттар, аулалар, ойын алаңдары, аялдамалар, жарық бағаналары бекітілген бірыңғай архитектуралық талаптарға сәйкестендірілді.

Тазалық шараларының сапасын арттыру мақсатында «Таза Қазақстан» онлайн платформасы іске қосылған. Салалар бөлінісіне қарай бекітілген операторлар, модераторлар мен орындаушылар тұрғындардан түскен өтініштер негізінде уақытылы шара қабылдап, жауабын беруде.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Медет Усаин:

ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН 187 КӨППӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙГЕ ЫСТЫҚ СУ ЖҮЙЕСІ ЖҮРГІЗІЛЕТІН БОЛАДЫ

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, энергетика – көз келген елдің экономикасы мен әлеуметтік саласының негізгі тіректерінің бірі. Ол экономикалық қатынастардың дамуына және халықтың әлеуметтік әл-ауқатына айтарлықтай әсер етеді. Бүгінде бұл салаларда оң өзгерістер орын алып, жақсы қарқынмен дамып келеді. Елдің жарықпен және жылумен, таза ауызсумен қамтамасыз етілуі осы сала мамандарының жоғары жауапкершілігі мен сапалы қызметіне тікелей байланысты.

Өткен аптаның жұмасында Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының басшысы Медет Усаин БАҚ өкілдеріне биылғы жылдың I жартыжылдығында атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы аймақтағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, газ, ауызсу, электр және жылу энергиясымен жабдықтау саласын дамыту бағытында тиісті жұмыстарды атқарып келеді. Мәселен, өткен жылы облыс аумағында 4 қала және 35 ауылдық елді мекен табиғи газға қосылып, тұрғындарды газдандыру үлесі 75 пайызды құраған болатын. Биыл жыл басынан бері «Алмалы», «Бестам», «Ақтоған», «Төретам» ауылдық елді мекендері табиғи газға қосылды. Жыл соңына дейін «Сексеуіл», Абай, «Ақсу», Шәменов, Сейфуллин, Тоқмағамбетов, «Төменарық» ауылдары

газдандырылатын болады. Осылайша облыстың газбен қамту деңгейі 78 пайызға, газға қосылған ауылдардың саны 46-ға жетеді.

Тұрғындарды таза ауызсумен қамту – өңірдегі шешімі табылған мәселелердің бірі. Себебі облыс тұрғындарының 98,4 пайызы орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылған.

Мемлекет басшысы 2021 жылғы Жолдауында Үкіметке алдағы бес жыл ішінде халықтың 100 пайызын таза ауызсумен қамтамасыз етуді тапсырған болатын.

Осыған сәйкес аймақта 26 елді мекен тұрғындарын ауызсумен қамту бойынша кезеңдік жоспар бекітіліп, соған сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Нәтижесінде өңірдегі барлық елді мекендер 2025 жылдың соңына дейін сапалы ауызсумен қамтамасыз етілмек.

– Биыл ауызсумен қамту және су бұру бойынша 13 жоба жүзеге асады. Оған республикалық және облыстық бюджеттен 5,1 млрд теңге бөлінді. Соған орай 82 шақырым ауызсу және 18,4 шақырым керіс желілері жаңғыртылады. Сондай-ақ алдағы уақытта жол картасына сәйкес 8 елді мекенді топтық су құбырына қосу және ішкі су желілерін салу, 5 елді мекенде су тұщытқыш орнату арқылы тұрғындарды сапалы ауызсумен қамту жоспарлануда, – дейді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаин.

Аймақта жалпы ұзындығы 10490 шақырым электр желілері және өртүрлі кернеуліктегі 2008 қосалқы

станциялар бар. Олардың тозу деңгейі 66 пайызды құрайды.

Биыл электр жүйелерінің құрылысы мен жаңғырту жобаларын жүзеге асыруға 5,7 млрд. теңге қаржы бөлінді. Бұл қаржыға 374,5 шақырым электр желісі мен 67 қосалқы станцияны қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілетін болады. Нәтижесінде тозу деңгейі 66-дан 64 пайызға дейін төмендетіледі деп күтілуде.

Жылумен қамту нысандарын жаңғырту жұмыстары да өз деңгейінде жүреді. Оған 12 млрд. теңге қаржы бөлінді. Оның ішінде «Қызылорда жылу-электр орталығының» Оңтүстік қазандығының үш бу қазандығын жаңғыртуға бюджеттен 2 млрд. 700 млн теңге бөлінген. Қазіргі уақытта мердігер мекеме анықталып, құрылыс жұмыстары басталуда.

– Жергілікті бюджет және кәсіпорын өз қаржысы есебінен 2 газтурбиналық қондырғының генераторы мен 11 қазандық күрделі жөндеу, 1 турбина мен 15 қазандыққа ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жұмыс 65 пайызға орындалды. Облыс аумағында 216 шақырым жылу желілері бар. Тозу деңгейі – 44,6 пайыз.

Жылу желілерін жаңғырту бойынша бюджеттен 6 жобаны іске асыруға 6 млрд. 900 млн. теңге қаржы бөлінді. Бүгінгі күнге 9,5 шақырым жылу желісінің 3,1 шақырымы жүргізіліп, 33 пайызға орындалды. Облыс аумағында 1067 әлеуметтік нысан бар. Олардың қысқы маусымға дайындығы 65 пайызды құрайды, – дейді басқарма басшысы.



Облыста көптен күткен, заманауи үлгідегі ауқымды жоба жүзеге асуда. Ол – 240 МВт электр энергиясы мен 277 Гкал жылу энергиясын өндіретін жаңа жылу-электр орталығының құрылысы. Жобаның жалпы құны – 215 млрд. теңге. Бүгінде инвестор «Акса Энерджи» түрік компаниясы тарапынан құрылысқа салынған инвестиция көлемі 70 млрд. теңгені құрап, жыл аяғына дейін 120 млрд. теңгеге жетеді деп күтілуде. Сондай-ақ негізгі қондырғыларды дайындауға шетелдік компанияларға тапсырыс беріліп, тамыз айынан бастап құрылыс алаңына жеткізіледі деп жоспарлануда.

Станция құрылысы 2025 жылдың тамыз айында аяқталып, іске қосылатын болады.

Өңірде тағы бір мәселенің түйіні тарқатылмақ. Қала халқының ыстық суға қол жеткізетін күні алыс емес.

Өткен жылы Мемлекет басшысының облысқа жұмыс сапары барысында Қызылорда қаласын ыстық сумен қамту мәселесін шешу туралы

тапсырма берілді. Осыған сәйкес аймақта бірқатар жұмыс атқарылды.

Қазіргі уақытта Қызылорда қаласының аумағында 804 көпқабатты тұрғын үй бар. Оның ішінде 6 үй ыстық сумен қамтамасыз етілген. Ал 191 үй ыстық су жүйесіне қосуға дайын болса, 184 үйді қосу мүмкін емес, ал 423 үй қаржыландыруды қажет ететін көрінеді.

– Қаланың ыстық сумен қамту жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Қаржыландыруды қажет ететін 423 үй бойынша жобасметалық құжаттамалар әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Жобаның жалпы құны – 26,2 млрд теңге. Қазіргі таңда бұл жұмыстарды жүргізуге ҚР Үкіметінің резервінен 11 млрд. теңге қаржы бөлінді. Жыл соңына дейін 187 көппәтерлі тұрғын үйге ыстық су жүйесі жүргізілетін болады. Жалпы салада атқарылған жұмыс ауқымды, жаңа жобалар да жеткілікті. Бұл жобалар аймақ дамуына оң өзгеріс әкелмек, – дейді М.Усаин.

ЦЕМЕНТ ЖӘНЕ КІРПІШ ЗАУЫТЫ САЛЫНАТЫНЫ РАС ПА?



Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы жыл басынан бері атқарылған жұмыстарды қорытындылады. Салада көңіл көншітерлік көрсеткіштер аз емес. Мемлекеттік қолдаудың арқасында ісі өрге басып, өңірдің экономикалық жағдайын жақсартуға біркісідей үлес қосушылар қатары көбейде. Бірақ та басқарма аты жұмыс жасап нәтиже көрсеткеннен гөрі, басшысының лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалана отырып, кәсіпкерлерге ұлының оқуына ақы төлеуге қатысты және дизельді отынмен қамтамасыз ету туралы заңсыз нұсқаулар бергенімен аты шықты. Біраз уақыт бойы бұл лауазым бос тұрды. Бір ай бұрын бұл қызметке Шәріпбеков Бекболат тағайындалды. Ол өткен аптаның жұмасы күні Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында БАҚ өкілдеріне басқарма тарапынан атқарылған жұмыстар туралы айтты.

Жалпы аймақта индустрияландыру іс-шараларының нәтижесінде өнеркәсіптің өңдеу саласы қарқынды дамуда. Биылғы 6 айдың қорытындысымен өңдеу өнеркәсібінің өсуі бойынша облыс өңірлер арасында 1-орынға шықты. Мемлекеттік қаржылай қолдаудың көмегімен облыста бірнеше шағын өндіріс пен қызмет көрсету орны ашылды. Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Бекболат Шәріпбековтің айтуынша, мұнай өндіру көлемінің төмендеуіне қарамастан, өнеркәсіп өндірісінің көлемі 5%-ға, өңдеу өнеркәсібі 37,5%-ға артқан. Сонымен қатар сауда мен негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі де көбейген.

Бүгінде кәсіп бастап, экономикалық жағынан белсенді азаматтардың қатары да өсіп келеді. Демек, кәсіпкерлікті – бір істі бастаған адамның ғана емес, халықтың қамын күйттеуге бағытталған негізгі сала ретінде қарастырсақ болады. Жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлер саны 64 мыңнан асқан.

Жасыратыны жоқ, облыс көп уақыттан бері мұнай өндірісіне арқа сүйен келген болатын. Алайда кейінгі жылдары бұл өндіріс біршама қысқарды. Мәселен, былтыр мұнай өндіру көлемі шамамен 7%-ға төмендеп, 3,7

млн. тоннаға құраған. Ал, биыл мұнай компанияларының мәліметінше, 100 мың тоннаға төмендеуі болжануда. Мұнай-газ саласын дамыту және инвестициялар тарту бағытында қолайлы жағдайлар жасау мақсатында тиісті жұмыстар атқарылуда.

Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары аясында «Арал» шөгінді бассейнінде басталған өңірлік геологиялық зерттеу жұмыстары биыл аяқталмақ. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы «Торғай-палеозой» кен орнында тереңдігі 5,5 мың метр ұңғыманы бұрғылау жұмыстарын биыл мамырда бастаған. Қолданыстағы кен орындарында өндірісті ұлғайту үшін жоғары технологиялық шетелдік компания тартылуда.

Суланған, сарқылған мұнай-газ кен орындарын игеруде «Gepetto» компаниясының тәжірибесі мол. Ол Қытайдағы 21 мұнай мен газ кен орнын қамтиды және 1500-ден астам ұңғымаларға қызмет көрсетеді. Өндіру көлемінің жыл сайынғы өсуі кемінде 30%.

Газ өндіру және қайта өңдеу көлемін ұлғайту үшін облыс әкімдігі салалық министрлікпен бірлесіп, «Қазгермұнай» серіктестігінде тауарлық газ өндірудің екінші желісін іске қосты. Шикізатпен қамтамасыз етуде басқа компаниялардың кен орындарынан газ ресурстары тартылатын болады.

Кез-келген аймақтың экономикалық дамуына инвестицияның ықпалы зор. Бұл тұрғыда облыс өзге өңірлерден озық. Алдағы 5 жылда облыста жалпыұлттық инвестициялық жобалар аясында 46 жоба іске қосылады деп күтілуде. Биылға жоспарланған 14 жобаның 3-уі іске қосылды.

Олар – Қазалы ауданындағы «Жанкент Агро» ЖШС күріш ақтау зауыты, «Орда гласс ЛТД» ЖШС жылына 5 млн шаршы метр энергия үнемдейтін шыны өндіру цехы және Жанакорган ауданындағы «Абдуллаев Аманкелді» ЖШС 400 орындық мектеп-интернаты.

Өңірге инвестициялар тарту және жаңа жобаларды іске асыруда өзге елдің тәжірибесіне сүйенген де артық етпейді. Сондықтан облыстық бизнес делегациялардың шет мемлекеттерге жұмыс сапарлары, сондай-ақ әлеуетті компаниялармен кездесулер тұрақты түрде ұйымдастырылуда.

Биыл түркиялық «Bayteks Tekstil» және «Akras» компанияларымен жасалған меморандум аясында құны 15 млн. АҚШ долларын құрайтын тоқыма емес бұйымдар өндіру және тамшылатып суару қондырғыларын шығару жобаларын жүзеге асыру көзделуде. Мұнан бөлек, жалпы құны 16,5 млрд. теңгеге «Uranus Wind» компаниясымен қуаттылығы 50 МВт жел электр станциясын салу, құны 5 млрд. теңгеге корейлік «With YOU» компаниясымен қоқысты сұрыптау және қайта өңдеу жобалары қолға алынады.

Маусым айында Қытайда өткен «Қазақстан-Қытай» өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында өңірде цемент және кірпіш зауыттарын салу туралы меморандумға қол қойылды. Жалпы құны 82 млн. АҚШ долларын құрайтын екі жоба бойынша облыста жылына 500 мың тонна цемент және 90 млн дана құрылыс кірпіштерін өндіру жоспарлануда.

Биыл шағын және орта бизнесті қаржылай қолдауға әртүрлі көздерден 34,5 млрд. теңге қарастырылған. Оның ішінде бірінші кешенді бағдарлама аясында бюджеттен 9 млрд теңге бөлінді. Бағдарлама субсидиялауға, кепілдендіруге, гранттар беруге және жастар микрокредитіне бағытталған. Сондай-ақ «Ауыл аманаты» аясында микрокредит беруге, инфрақұрылым салуға да басымдық беріледі.

Жыл басынан бері 1,5 мыңнан аса жобаға қаржылай қолдау көрсетілген. Айталық, бірінші кешенді бағдарлама аясында несие портфелі 16 млрд теңгені құрайтын 494 жоба субсидияланып, 339 жоба кепілдендірілді.

«Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы 79 жоба 398,5 млн. теңгеге, «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы 299 жоба 7,1 млрд теңгеге несиелендірілді. Биыл «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы несиелендіру жұмысын ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу саласын дамыту бағытында жалғастырмақ. Оған 1,5 млрд. теңге сомасында қаржы бағытталды. Бұдан өзге, мемлекеттік гранттар биыл 1 млрд. теңгеден астам сомада 721 жобаға берілді. Облыс кәсіпкерлеріне қаржылай қолдаудан бөлек, «Бір терезе» қағидатымен құжат дайындауда, заңгерлік көмек және тағы да басқа бағытта қолдау шаралары да көрсетіліп келеді.

АЙМАҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДА ОҢ ӨСІМ БАР



Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі макроқорсеткіштері бойынша оң өсім қалыптасқан. Аймақтың өнеркәсіп өндірісінің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 105,0 пайызға артқан. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық экономика және қаржы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Фарида Аббасова саладағы оң өзгерістерді баяндады.

– Биылғы өңдеу өнеркәсібінде өндірілген өнімнің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 37,5 пайызға артық орындалған. Өсім негізінен резеңке және пластмасса бұйымдарын өндірудің 13,9 пайызға, химия өнеркәсібінің өнімдерін өндіру 7,7 пайызға, металлургия өндірісінің 148,8 пайызға және жеңіл өнеркәсіп 43,5 пайызға артуы есебінен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар биыл Бірінші индустрияландыру картасы аясында облыста 87 жұмыс орындары құрылатын 2 жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Олар “Нан-тоқаш кондитерлік, макарондық өнімдер өндіру кешені” және “Күріш ақтау зауытының құрылысы”. Одан бөлек ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі өткен жылғы осы кезеңнің 104,0 пайызын құрап отыр. Ал, осы жылдың 1 тоқсанындағы жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайыз болып отыр, – деді Фарида Әубәкірқызы.

Мұхаммедшах МАРАТҰЛЫ

АЙМАҚ БАСШЫСЫНЫҢ АСТАНА САПАРЫ

Өткен аптада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жұмыс сапарымен Астана қаласына барды. Сапар кезінде аймақ басшысы Президент Әкімшілігі, Үкімет және тиісті министрліктерге облыстың даму жобалары бойынша ұсыныстар енгізді.

Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Бай-базаровпен кездесіп, аймақтың экономикалық өсіміне қатысты мәселелерді, алдағы жоспарды талқылады.

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысына қатысты. Күн тәртібінде газ саласын дамыту мәселелері талқыланды. Үкімет отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте аталған мәселе бойынша аймақтағы жағдай қаралып, жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берілді.

Жиында сұйытылған газдың басқа облыстарға кетпеуін қадағалау, газ құю станцияларының тиісті заңнама талаптарын сақтауына мониторинг жүргізу қажеттігі ескерілді.

Мұнан бөлек, елді мекендерді газдандыру жайы қаралды. Өткен жылдың қорытындысына қарасақ, тұрғындарды табиғи газбен қамту үлесі 75 пайыз болды, 12 елді мекен табиғи газға қосылды. Осылайша газдандырылған ауылдар саны 35-ке жетті. Биыл республикалық бюджеттен 20 жоғаға 5,9 млрд теңге берілді. Бұдан бөлек, «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы 16 газдандыру жобасын қаржыландыруға 24 млрд теңге бөлді. Жыл соңына дейін 11 ауылдық елді мекен табиғи газға қосылып, «көгілдір отынмен» қамту деңгейін 78 пайызға, газдандырылған елді мекен санын 46-ға жеткізу жоспарлануда.

Сондай-ақ облыс әкімі «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыру және жылу маусымына дайындық барысы талқыланды. Президент Әкімшілігінің отырысына қатысты.

Бұған дейін аймақ басшысы жауапты тұлғаларға сол жағалаудағы 900 орындық Арал қаласындағы және Жаңақорған кентіндегі 600 орындық мектептерді 1 қыркүйекке дейін оқушылар игілігіне беруді, қалған 7 мектепті қараша айына дейін салып бітіруді жүктеген болатын.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 12 300 орынға арналған 21 мектеп салу жоспарланған. Өткен жылы 6900 орындық 10 мектептің құрылысы басталса, биыл 5400 орындық 11 мектеп құрылысы басталады деп күтілуде. Қызылорда облысының әкімдігі мектептерге инфрақұрылым жеткізуге жергілікті бюджеттен 118,4 млн. теңге бөліп, жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Сараптама қорытындысы алынды. Инфрақұрылым жүргізуге жергілікті бюджеттен 1,7 млрд теңге бөлініп, 7 мектептің құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды.

Жылу беру маусымына дайындық қарқынды жүруде. Бұл мақсатқа Үкімет барынша қолдау көрсетіп, сұратылған қаржы бөлінуде. Желілерді жаңғыртуға республикалық бюджеттен 6 млрд, 200 млн. теңге, «Қызылорда жылу-электр орталығының» «Вопю energy» маркалы 3 бу қазандығын жаңғыртуға Үкімет резервінен 2 млрд. теңге, барлығы 8,3 млрд теңге бөлінді.

Был жылмен қамту нысандарын жаңғыртуға 12 млрд теңге қаржы қаралды. Оның ішінде жоғарыда атап өтілгендей, республикалық бюджеттен 8,3 млрд теңге, облыстық

бюджеттен 3 млрд теңге, «ҚЖЭО» өз қаржысы есебінен 566 млн теңге. Жергілікті бюджет және кәсіпорын қаржысы есебінен 2 газотурбиналық қондырғының генераторы мен 11 қазандыққа күрделі жөндеу, 1 турбина мен 15 қазандыққа ағымдағы жөндеу жүргізілуде. Жылу желілерін жаңғыртуға 6 жобаны іске асыруға 6 млрд 900 млн теңге қаржы бөлінді.

Облыстағы 1 067 әлеуметтік нысанның дайындығы 51%, оның ішінде білім беру нысандары 48%, денсаулық сақтау 52%, мәдениет және спорт нысандары 55% әзір.

Биыл «Қызылорда жылу-электр орталығының» газотурбиналық қондырғылары мен автономды қазандықтарын жөндеуге облыстық бюджеттен 2 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Жауапты мекеме басшыларына осы жұмыстың сапалы әрі мерзімінде атқарылуын бақылау тапсырылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының оңтүстік өңірлерде электр энергиясы тапшылығын болдырмау тапсырмасына және қолданыстағы орталықтың тозығы жетуіне байланысты түрік инвесторымен бірлесіп, құны 215 млрд теңге болатын жаңа жылу орталығының құрылысы басталғаны белгілі. Орталық 2025 жылы іске қосылады. Шетелдік инвестиция есебінен салынатын жаңа ЖЭО 240МВт электр қуатын өндіре алады. Жоба жүзеге асырылғанда Қызылорда облысы электр энергиясымен, Қызылорда қаласы жылу энергиясы және ыстық сумен толық қамтылатын болады.

Биыл облыстағы 9 әлеуметтік нысанның қазандықтарын газға ауыстыруға қажетті қаржы бөлінді.

ЕСМАХАНОВ ПАРТИЯ БАСШЫЛЫҒЫНА САЙЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібекпен кездесті. Кездесуге Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов қатысты.

Аймақ басшысы атқарушы органдар саяси ұйымдармен тығыз жұмыс жасап, олардың бастамаларына әрдайым қолдау көрсетінін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының ауқымды реформаларын іске асыруға барынша атсалысып, облыс, аудан орталықтарынан бөлек, шалғайдағы елді мекендерді аралап, халықты толғандырған мәселелердің оң шешімін табуына үлес қосудасыз. «AMANAT» партиясы бұлжымас қағидаларын, саяси мақсаттары мен заманауи бағыт-бағдарын айқындады. Бүгінде облыстың барлық деңгейдегі атқарушы органдары саяси партиялармен, оның ішінде «AMANAT» партиясының облыстық және аудандық филиалдарымен тығыз жұмыс жасап, олардың бастамаларына әрдайым қолдау көрсетуде. Аймақта партия мүшелігіне 46 мыңға жуық адам тіркелген. Облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттарда барлығы 152 депутат болса, оның 80 пайызы, яғни 120 депутат – «AMANAT» партиясының өкілдері», – делі Нұрлыбек Машбекұлы.

Есмаханов Алмасбек Әбілқасымұлы 1982 жылы 8 қаңтарда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Білімі жоғары. 2005 жылы Қызылорда гуманитарлық университетін «Қаржы және несие», 2009 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін «Заңтану» мамандықтары бойынша бітірген. 2013 жылы Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебінен, АҚШ-тың Каролина штатындағы ДЮК университетінен «Саясаттану» мамандығы бойынша әлеуметтік білім магистрі академиялық дәрежесін алды.

Еңбек жолын 2006 жылы қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің маманы болып бастаған. 2007-2008 жылдары облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаментінің жетекшісі, бас маманы, 2008-2012 жылдары қала әкімі аппараты ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас маманы, бас инспекторы, Тасбөгет кенті әкімінің орынбасары, бөлім басшысы, 2012-2014 жылдары «Қарауылтөбе» ауылдық округінің әкімі, 2014-2015 жылдары облыс әкімі аппараты ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аймақтық даму бөлімінің бас инспекторы, бөлім басшысы, 2015-2018 жылдары Шиелі ауданы әкімінің орынбасары, 2018-2019 жылдары Қызылорда қаласы әкімінің аппараты басшысы, 2019-2020 жылдары қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы, қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы лауазымдарында қызмет атқарған. 2020 жылы Шиелі ауданы әкімінің орынбасары қызметінде болды.

Бұған дейін Алмасбек Есмаханов облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы қызметін атқарып келген.

Партияның Атқарушы хатшысы аймақ басшысына алғыс білдіріп, облыстық филиалдың жаңа төрағасының қызметіне сәттілік тіледі.

«AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының кезектен тыс XXXIV конференциясында Алмасбек Есмаханов партияның облыстық филиалының төрағасы болып сайланды.

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ ҚАНДАЙ?

Үкіметте Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен отырыста ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту ұлттық жобасын іске асыру мәселесі қаралды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауылдағы медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру және сапасын жақсарту бойынша қойған міндеттерінің орындалуы туралы Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнәзарова баяндады. Өңірлердегі жағдай бойынша бірқатар облыс әкімі есеп берді.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда 99 медициналық-санитарлық алғашқы көмек нысаны салынған. Биылға 556 медициналық және фельдшерлік пункттер, сондай-ақ дәрігерлік амбулаториялар салу көзделген. Қазіргі уақытта құрылыс-монтаж жұмыстары 322 нысанда басталып, 3 нысанда аяқталған.

Үкімет отырысы барысында Қарағанды, Жетісу және Алматы облыстары әкімдерінің баяндамалары тыңдалған. Кестеден артта қалу және ауылдық аумақтарда денсаулық сақтау объектілерін салу бойынша жұмысты күшейту, жандандыру қажеттігі атап өтілген. Жыл соңына дейін денсаулық сақтау ұйымдарының ең көп саны Қарағанды облысында салынуы тиіс. Алайда, жоспарланған 78 нысанның тек үштен бірінде ғана жұмыс басталған. Жетісу облысында объектілердің тек 75%-ы бойынша құрылыс-монтаждау жұмысына шарт жасалды.

«Әкімдіктер барлық нысанның құрылыс жұмыстарын уақтылы әрі сапалы жүргізу үшін күнделікті бақылауды күшейтуі керек. Қарағанды, Ақтөбе, Павлодар, Батыс Қазақстан, Жетісу және Алматы облыстары әкімдерінің назарын осыған аударғым келеді. Құрылыс маусымы, әсіресе солтүстік өңірлер үшін тез аяқталатынын ескеру қажет. Барлық объектілер белгіленген мерзімде пайдалануға берілуге тиіс. Бұл ретте құрылыс жұмыстарының нормативтік талаптарының сақталуын да қамтамасыз ету керек», — дейді Олжас Бектенов.

Үкімет басшысы Ұлттық жобаны іске асыруға 60,3 млрд теңге бөлінгенін, оның 21 млрд теңгеден астамы өңірлерге берілгенін қалған объектілерді қаржыландыру қосымша пысықталуда деп осы мәселені шешуді жеделдету үшін бейінді ведомстволарға тиісті тапсырма берді. Денсаулық сақтау минис-

трлігінің алдына объектілерге олар аяқталғанға дейін тұрақты түрде барып, құрылыс барысына мониторинг жүргізу міндеті қойылды.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізіп, талқыланды мәселеге орай аймақтағы жағдайды бағамдады.

«Ұлттық жоба аясында өңірде биыл қолға алынған 9 дәрігерлік амбулатория және 2 фельдшерлік-акушерлік бекет 1 қазанға дейін пайдалануға беріледі. Құрылыстың жалпы құны 3 млрд 500 млн теңге. Бұған Үкімет резервінен 2 млрд теңге берілді. Шиелі ауданындағы 30 тесектік инфекциялық бөлімше мен көпбейінді аурухананың құрылыс жұмыстары басталды. Айта кету керек, жүйелі жұмыстардың нәтижесінде Шиелі ауданындағы 30 тесектік инфекциялық бөлімшені салу ұлттық жобадан тыс, жоспарға қосымша енгізіліп, қазір 1 млрд 300 млн теңге қаржысы бөлінді. Арал ауданында дәл осындай инфекциялық бөлімше жобасы дайын. Ұлттық жоба аясында салынатын Арал аудандық ауруханасының қосымша құрылысы жобасын мемлекеттік сараптамадан өткеннен кейін екеуін біріктіріп қаржыландыруды Денсаулық сақтау және Қаржы министрліктерімен пысықтау қажет», — деді аймақ басшысы.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасына жобалардың қаржыландырылуын бақылауда ұстау тапсырылды.

Айта кетейік, Шиелі аудандық көпбейінді ауруханасына салынатын қосымша құрылыс жобасының мемлекеттік сараптамадан оң қорытындысы алынды. Мұнан бөлек, Арал, Қазалы, Жаңақорған көпбейінді аудандық ауруханаларының қосымша құрылысы жобасы мемлекеттік сараптама қарауына енгізілді. Қорытындыны тамыз айында алу жоспарлануда.

Нұрлыбек Машбекұлы ұлттық жоба аясында салынатын нысандар Мемлекет басшысының және Үкіметтің ерекше назарында екенін қаперге салып, құрылысқа қарқын қосуды тапсырды. Ең бастысы, ғимараттар сапалы болуы тиіс. Жауапты мекеме басшыларына барлық нысанның халыққа ыңғайлы, жайлы болуы керектігі ескертілді. Сондай-ақ, тазалығы, қасбеті талапқа сай болуын қатаң қадағалау керек. Жаңа дәрігерлік амбулаторияларды мамандармен, жаңа санитарлық автокөлікпен қамтамасыз ету назардан тыс қалмауы қажет.

СУБҰРҚАҚТА САҚАЛ АЛДЫҚ...

Вандализм – қоғам дерті. Ескерткіштерді қиратып, қала көркіне нұқсан келтіру фактілері жиі кездеседі. Қала мәдениетін білмейтін кейбір азаматтар үшін заңды қатаңдату керек секілді. Салғырттық, жүгенсіздікке барып жатқан «жүгермектердің» тәртіп бұзушылығын әлеуметтік желі арқылы да көріп, тосқауыл бола алмай жүрміз. Мемлекет басшысы БАҚ саласы қызметкерлерін марапаттау рәсімінде өз сөзінде: «Азаматтарымыздың ел ішіндегі, сондай-ақ шетелдегі қоғамдық орындарда вандализммен көзге түсіп, тұрпайы мінез-құлық көрсетуі – назар аударатын мәселе. Тарихи-мәдени мұраларға зиян келтіру, ескерткіштерді қорлау сияқты келеңсіз әрекеттер тек заңмен ғана жазаланып қоймай, қоғам тарапынан да айыпталуға тиіс» деген болатын. Уақыт сатысымен көтеріліп, адамзат баласы қанша ұрпақ ауыстырғанымен, «бір қадам алға, екі қадам артқа» басқандай «жабайы» мінез жойылмай келеді. Соңғы кезде орын алып жатқан жаңалықтар легі – соның айғағы.

Қызылорда қаласы жылдан жылға дамып, тіпті күннен күнге көркейіп келеді. Қаланың шұрық-тесік жолдары жаңарып, ғимараттар жөндеуден өтті. Көңіл қуантатын жаңа жобалар ел тұрғындарының еңсесін көтеріп, қала күннен күнге құлпыра түсті. Күні кеше қала қолданысына берілген Орталық алаң көпшіліктің көңілінен шығып, келуші тұрғындардың көбейгенін байқадық. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен жүзеге асқан құрылыс жұмыстары қаланы көркейтуге бағытталған. Жоба аясында алаңда балаларға арналған ойын алаңы, субұрқақ, жарық диодты шамдар, газон, жаңа төсеніштер орналастырылып, көпжылдық көшеттер отырғызылды. Сондай-ақ тегін Wi-Fi желісі орнатылып, халық игіліне ұсынылды.

Десек те бұл бақытты да көп көріп, әдепсіздік танытып жүргендер жетерлік. Мәселен, алаңдағы субұрқақты бассейн қылып, арықта жүргендей шомылып жатқан бала көп. Бір өкініштісі оларға ата-аналары жаңарып, ғимараттар жөндеуден өтті. Көңіл қуантатын жаңа жобалар ел тұрғындарының еңсесін көтеріп, қала күннен күнге құлпыра түсті. Күні кеше қала қолданысына берілген Орталық алаң көпшіліктің көңілінен шығып, келуші тұрғындардың көбейгенін байқадық. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен жүзеге асқан құрылыс жұмыстары қаланы көркейтуге бағытталған. Жоба аясында алаңда балаларға арналған ойын алаңы, субұрқақ, жарық диодты шамдар, газон, жаңа төсеніштер орналастырылып, көпжылдық көшеттер отырғызылды. Сондай-ақ тегін Wi-Fi желісі орнатылып, халық игіліне ұсынылды.

Дарынан тұрады. Кез келген сәтте қайғылы оқиға орын алуы мүмкін. Күні кеше ҰБТ тапсырып шыққан баланың қуанышы мен ғұмыры субұрқаққа секірумен тәмамдалғанын неге ұмытамыз? «Өмірім алда» деп уайымсыз суға секірген баланың ажал құшқанын кімнен көреміз? Сондықтан балаларымызды майып болып қалмай тұрғанда апаттан сақтайық. Қош... Келесі айтатын мәселе, ол сол алаңдағы өзге субұрқақта сақалын қырған ер кісі туралы болмақ. Естігеніңіз құлағына түрпідей тиетін бұл әрекетті түсіндіру қиын. Өлеуметтік желіде тараған видеода ер адам еш уайымсыз ұстарасын субұрқаққа малып, қоғамдық орынға жат мәдениет танытты. Ең сорақысы істеген ісіне еш қымсынып та, ұялып та тұрған жоқ.

Өрине, мұндай жағдайлар күнделікті орын алады. Айтып өткеніміздей, орталық алаңда балаларға арналған ойын аймағы бар. Дегенмен де ересек балалар кішкентай балаларға арналған өткеншеке тербеліп, сондай-ақ алаңның жан-жағы қоқыс қалдықтарына толып қалған. Одан бөлек, бұзақылар өлі тамыры тереңге кете қоймаған талдарды да сындыра бастаған екен. Өткен жылдың өзінде 70-ке жуық көше шатын тәртіп бұзушылар сындырып шыққан екен. Қазір кім кінәлі десе, әкімдікті кінәлі етіп шығамыз. Десек те тәртіпсіздіктің екінші тараптан екенімен шаруамыз болмайды. Білік ескісін жанартып, жоқтың орнын толтырумен болса, бұзақылар жаңасының жағасынан алып, тесікті жамаудың орнына жыртып өлек. Бұл бір айдың ішінде орын алған жағдайлар легі. Ал алдағы уақытта не болары бір құдайға аян.

«Атың шықпаса, жер өрте» деп бабалар бекер айтпаған ғой. Мұндай бассыздыққа барып жатқан тек қызылордалықтар емес. Жуырда Испания аралап жүрген Әли есімді қандас бауырымызды да осындай бұзықтығы үшін қауіпсіздік қызметкерлері ұстағанын естідік. Ол Помпей археологиялық саябағындағы Цей үйінде ашық түсті сылаққа «AL» деп атын ойып жазып, тарихи ескерткішке зақым келтірген.

Мамандар мұндай әрекетіне психологиялық факторлар бірден бір әсер етеді және оның төрт сатысы бар деп топшылайды. Атап айтқанда, ессіздік, ойын сауық құрып, өзгелермен бәсекелесу, біреуден кек алу үшін және өзіне назар аударуды көздейтіндер. Байқасақ, вандализмге

жасөспірімдер бейім болады. Яғни, осы сәттен бастап оларды тоқтата білу маңызды, әйтпесе бойға сіңіп кеткен әрекетке тосқауыл болу қиындай бермек.

Үкіметте де вандализмге қатысты заң қатаңдатылған болатын. Кез келген ортада «мүлдем тәзбеушілік» қағидасын қалыптастыру мақсатында қоғамдық орындарда балағат сөздер қолданып, айналаға және құрылыс орындарына нұқсан келтірген жандар мен азаматтардың тыныштығын бұзатын әрекеттер үшін ұсынылатын жаза – 15 күн есебіндегі әкімшілік жауапкершілік. Десек те тәртіп бұзушылар мұнымен ғана құтылып кете алмайды. Аталған бассыздықтардан бөлек барынша арыздыққа жол беретін азаматтардың үстінен «Бұзақылық» қылмыстық кодексімен іс қозғалып, екі мың АЕК көлемінде айыппұл төлеп немесе 2 жылға бас бостандығынан айырылу жазасына кесілуі мүмкін. ӨҚБТК-нің 448-бабына сәйкес он алты жасқа толмаған немесе көмектете толмағандар жасөспірімдердің жасаған бұзақылық әрекеттер үшін ата-аналарға немесе қамқоршыға он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Елімізде вандализммен күрес қарқынды. Депутаттар да бұл сауал аясында жазаны қатаңдатып, заңнаманы жасау барысында халықаралық тәжірибені ескеру керектігін алғаттаруда. Өткен жылдың 3 қаңтарында ел Президенті экологиялық бұзушылықтар мен вандализм үшін жауапкершілікті күшейту туралы бірқатар нормативтік құқықтық актілерге қол қойды. Мемлекеттің қорғауындағы ескерткіштер мен ұлттық құндылықтарға қастандық жасау – үлкен қылмыс. Өрбір тарихи-мәдени ескерткіште халқымыздың өткен өмірі мен құндылықтары сақталған. Оны сақтау және ескелен ұрпаққа еш кемшіліксіз жеткізу біздің ортақ міндетіміз. Сол себепті әрбір қазақстандықтың жүрегіне еліне және ол қорғайтын кез келген дүниеге деген махаббаты дәріптеуіміз керек. Патриот ұрпақ тәрбиелеп, Отанына сүйіспеншілікпен қарауға дағдыландыру – жас азаматты тәрбиелеу кезеңіндегі маңызды іс.

Жоғарыда атап өткен бассыздықтарға тосқауыл қойылады деп күтеміз. Қоғамдық орында мәдениет сақтап, бассыздықтың алдын алайық.

Кітапхана

Телефон соққан – кәдімгі мүсінші Барақ болар, сіре. Барақ Байқошқаров. Иә, сол-ақ шығар. Бір жақтан Барақ жауды дейсің бе. Соның дәл өзі. Соңғы жылдары шыққан талапты мүсіншілердің бірі. Жиналыстарда сыртынан бірер мәрте көргені болмаса, жүздескен жігіті емес. «Барақ деген ініңіз боламы» дейді. Үні жылы, сөзі сыпайы. Айжарық газетке берген бір сұхбатында осы Барақтың қолбасы Қабанбайға жасаған бір ескерткішіне сын айтқаны бар еді, көңіліне ештеңе алмаған секілді. Онда бұл «ат үстіндегі Қабанбай қазақша емес, еуропалықтарша отыр. Үзеңгісі қысқа, бейгеге шабатын кісіше тізесі бүгіліп қалған. Қолындағы қалқаны да тым қораш» деген-ді. Демек, мойындаған болды ғой. Өлде қарсы айтар дауы, келтірер уәжі бар ма екен? Сол үшін хабарласып тұр ма?

арасан шатқалына тіке тартты. Жол-жөнекей танысу, жөн сұрасу төңірегінде жеңіл-желпі әңгімелер айтылып келе жатты.

- Барақ - бұл күнде мүлде ұшыраспайтын есім ғой. Осы сенің баяғы Барақ батырға қатысың жоқ па? - деді Айжарық, өзінен көп кіші жігіттерге «сен» деп сөйлейтін әдетімен.

- Дәл үстінен түстіңіз, Айеке. Мен Көкжарлы батыры Көкжал Барақтың сегізінші ұрпағымын. Бабамыз әйелді көп алған кісі екен. Біз қалмақ әжемізден тараппыз.

- Барақ-менің романыма басты қаһармандардың бірі. Қолбасшы Қабанбайдың сенімді шәкірті. Көзсіз ер болған адам.

- Романды оқыдық қой. Сізге рахмет, Айеке. Романда қазақ әскері Қытаймен соғысарда: «Қытай көп болғанда қайтушы еді. Тәйірі, кісі жаумен соғысқанда, санап соғыса ма»

өз басым бұрынды-соңды оқыған емеспін. Романдағы аналар образы, әйел даналығы қандай! Бір тұтас сомдалған бейнелер, қайталанбас характерлер... Болашақ ұрпақ үшін бойындағы бар қуатын сарқып беріп, сол жолда мерт болған қарт батыр Ақсопы, сол тоқсандағы қарттың тоңын жібітіп, қанды қыргыннан аман қалған ұлыстағы жалғыз еркектен тұқым алып қалан жас ару Қызеней, осының бәрін ақылмен үйлестіріп, батыр атасын бабына келтірген кемеңгер келін Ақсұлу Бірінен бірі өтеді. Сіз Ақсұлуды бәріннен жоғары қоясыз. Сондықтан да романды «Найман-Ана» деп атағансыз. Шынында да, солай. Ақсұлу-наймандардың анасы. Егер Ақсұлудай ананың даналығы болмаса, бұл күнде төрт миллион найман жер басып жүрмес еді. Сіз бен біз де мына Алма-арасан сайында әңгіме соғып отырмас едік...

найман әйелдерінің танау шүйіретіні осы кез. Алайда бағы асқан, көк тәңірі оң көзімен қараған, ақылына айласы сай Шыңғысхан маңайындағы тайпаларды бірінен соң бірін жеңді. Татар, меркіт, керей, қоңырат, жалайыр тайпаларын қаратып алған соң, ең ақырында наймандарды күйретті. Бұған Таян хан мен інісі Бұйрық ханның ауыз бірлігі болмай, бір елді екіге бөліп басқаруы да себепші болды. Шыңғысхан алдымен Таян ханды, соңынан Бұйрық ханды жеке-жеке жер жастандырады. Кейін Жетісуға дейін шегініп келіп, ұдайымен он бес жыл бойы ұрыс салған Таян ханның ұлы Күшлік те 1258 жылы жеңіліс тауып, мерт болды.

Ал енді, бір ескертін нәрсе, баяғы Шыңғысхан заманындағы наймандар мен қазіргі найман ұлысының құрамы, оған кіретін рулар бірдей емес. Түп-тамыры бір болғанымен, тағдыр-

шығып, жаңа құрылған қазақ хандығына қосылғанын көреміз.

- Ой рахмет, Айеке! Сізбен әңгімелесіп, көкжиегім кеңіп қалды ғой, - деді Барақ киіз үйдің есігінен алыстарға көз жіберіп. - Ал енді біз ойлаған ескерткіш жасалып дайын болды дейік. Сіз оны қай қалада орнатқан дұрыс деп ойлайсыз?

Айжарық төмен қарап, аз-кем үнсіз отырды. Көз алдынан өзіне белгілі қалалар тізіліп өтіп жатқан сияқты. Сәлден соң басын көтерді де:

- Әсілі, ерқандай ескерткіш тарихи тұлғаның кіндік қаны тамған, не соңғы демі бітіп, топырақ бұйырған, не болмаса бүгін ұрпақтары өсіп-өніп жатқан жерге орнатылады ғой, - деді бәсең үнмен. - Бұл жағынан алғанда, Семей, Өскемен, Аягөз, Жезқазған, Талдықорған қалалары көз алдына келеді. Осы облыстардың қай-қайсысында да найман өулеті сыңсып



НАЙМАН-АНА ЕСКЕРТКІШІ

Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ
(хикаяттар)

- Айеке, уақытыңыз болса, сізбен кездесем бе деп едім. Өзара ақылдасатын бір маңызды шаруа шығып тұр, - деді Барақ телефондағы әңгімесінен одан әрі жалғап. - Мұны менің жеке шаруам деуге де, баршамызға ортақ іс деуге де болады.

- Жалпы, қарсылық жоқ, - деді Айжарық сәл бөгеліп барып. - Сонда, қашан, қай жерде, қалай кездессек деп тұрсыз?

- Иә, соны келісіп алайық. Меніңше, сіз бен біз үйде де емес, қаланың қужыра-қуыстарында да емес, бейтарап алаңда, таза табиғат аясында кездескеніміз дұрыс сияқты. Егер сіз қарсы болмасаңыз, өрине.

- Бұл да көңілге қонады.

- Онда, тіптен жақсы. Табиғат дегенде, қазір Медеу шатқалы айналуга келмей құжана кетті. Одан гөрі Алма-арасан аңғары дұрыс па деймін. Сонда бір қонақ күтетін киіз үйлер бар. Соның бірінде баяғы бабаларымызша, кең көсіліп отырмаймыз ба?

- Ұсыныстарыңыз бірінен бірі өтеді. - Барыс-келісті де оңайлатайық, - деді Барақ өтініштеріңіз өтіп жатқанына қуанғандай. Бір-бірімізді іздеп жүрмес үшін бір көлікпен барғанымыз дұрыс шығар. Мен сіздің үйді білем. Егер ертең сағат он шамасында машинамен сіздің үйдің алдында тұрсаң, үлгеріп шыға аласыз ба?

- Үлгермей не болыпты. Ұйқы қанатын уақыт қой ол.

- Онда, келістік, Аяке. Жолыққанша сау-саламат болыңыз.

Міне, бұл - іскер адамның сөзі. Артық әңгіме, бос былжырақ емес. Бәрі нақпа-нақ Мұндай адаммен сұхбаттасуға болады. Әйткенмен, мүсінші жігітке бұл неге қажет болды екен? «Ақылдасатын маңызды шаруа бар» деді. Сонда, нені ақылдаспақ? Өлде, бұлар да өз алдарына партия құрғалы жүр ме? Онда, еңбегі зая, жолдары түйісе қоймайды. Айжарық-партиялардан аулақ жүретін адам. Бұрын да: «Бізге аты белгілі адам қажет болып тұр. Алғашқы ынталы топтың ішінде болыңыз» деп партия құрышылар талай келген. Алайда, бұл солардың ешқайсына қосылған жоқ. Мына Барақ та сондай жалаң төстердің бірі болып жүрмесін.

Мүсінші жігіт ертеңінде уәделі уақытта келді. Сағат онда есік алдына шықса, бір көгілдір «Мерседес» көлденең тұр. Сол өзі мөлшерлеген мүсінші Барақ. Жасы қырықтық үшін енді аралаған, етті-жеңді, төртпактау келген, шомбал жігіт. Үстіндегі шолақ жең көйлек, жыныс шалбар демалыс ыңғайында өзіне құл жарасып тұр. Айжарықпен аман-сәлем жасаған соң, машинаның екі есігін бірдей ашып:

- Алда отырсыз ба? Өлде артық орындықта қатар отырайық па? - деді мұның бетіне күле қарап.

- Қатар жайғасайық әңгімелескенге сол жақсы, - деді Айжарық.

Алма-арасан Барақтың барып жүрген жері болса керек. Машинаға жайғасып болған соң:

- Өзің білетін «Алаш ауылына» тарт! - деді алдағы шопыр жігітке. Сонан соң, Айжарыққа бұрылып: - Бұл жігіт менің немере інім. Қолы боста маған шопыр болады - деп түсіндірді.

Бұлар Жароков көшесімен өрлеп келіп, Өл-Фараби даңғылына түсті де, одан Науаи көшесі арқылы Алма-

дейді-ау біздің бабамыз - деп Барақ мез болып, қарқылдай күлді.

- Онда, бөтен болмадың, Туысқан екенбіз.

- Сізге жайдан-жай жабысып жүр дейсіз бе. Бәріміз де - өзіңіз жазатын Найман шалдың баласымыз ғой, Айеке.

- «Байқошқаров» деген ныспың да қызық, - деді Айжарық өлдене есіне түскендей. - Байқошқар, Бақанас дегендер - Бура руынан шыққан батырлар ғой. Бір кезде Буралар Шыңғыстауды жайлаған. Бақанас, Байқошқар деген жер аттары өлі де сол күйі айтылады.

- Солай ма? Біз бұл тарихты білмейді екенбіз - деді Барақ елендеп. - Біздің әжеміз - Бура қызы. Нағасы аталары қолдай жүрсін деп, батырдың атын баласына әдейі қойған болар.

Бұлар осы секілді әртүрлі әңгімемен отырып, діндеген жерлеріне келіп қалғанын өздері де аңғармай қалды. Алма-арасан аңғарының қос қапталы, сайдың орта тұсына дейін ығы-жығы салынған кафелер мен мейрамханалар. Сенбі-жексенбіде, тіпті былайғы күндерде де көк түтін мен у-шудан қашқан қала тұрғындары осында көп ес жиыды. Ал құрылыс салдырмайтын, «экологиялық зона» деп аталатын сайдың бас жағында киіз үйлер мен шатырлар ғана орналасқан. Бұлар да демалушыларды ас-суымен қамдап, қызмет көрсетеді. «Алаш ауылы» бір телсенге орналасқан сондай бір киіз үйлердің шоғыры екен. Ара-арасында торкөзді ағаш беседкалар, төрт-бес адамдық құжыра-күркелер де ұшырасады. Қазаны кайнап, түтіні будақтап жатқан өзінше бір ауыл. Барақтар ат басын осы ауылға тіреді.

Бүгін жұмыс күні ғой, күндіз сөйіл-серуен құрушылар аз екен. Қалалық қыдырмашылар кешке қарай қаптайтын болса керек. Айжарық пен Барақ оқшаулау тұрған киіз үйді жеке иемденді.

- Сіз тым асығыс емессіз ғой, Айеке? Машина енді үш сағаттан кейін оралса кеш бола қоймас, - деді Барақ Айжарыққа бұрылып.

- Ерің білсін. Әңгімелесуге үш сағат жететін шығар.

Бұлар машинаны қайтарып жіберді де, табиғатты тамашалап, сыртта біраз қыдырды. Айнала жап-жасыл дүние. Қыналы жартастар, карағайлы қапталдар. Темдең, сай табанында сарқырап жатқан өзен бар. Сонау жоғарыда, жота-жондар ыйғынған қарлы шыңдар қылан береді. Соларға қарап тұрып, әлі де адам аяғы былғамаған таза жерлердің болғанына қуанасың.

Сәлден соң бұлар іргесінен тау самалы аңқылдаған киіз үйге қайта кірді. Күтуші жігіттер Барақты бұрыннан білетін сияқты. Айжарықты да айтқызбай танып, құрақ ұша жүгіріп жүр. Бұлар әртүрлі дәмге, көуап пен сыраға тапсырыс беріп, текемет, көрпе төселген киіз үйдің төріне көсіле жайғасты.

- Ал, Айеке, мен енді сіздің қымбатты уақытыңызды шығындап, осында шақырған себебімді айтайын, - деді Барақ әңгімесін бастап. - Мен жақында сіздің «Найман-Ана» атты тарихи романыңызды оқыдым. Көзіңізге мақтағаным емес, керемет шығарма! Шедевр... Адамзат өулетін сақтау, ұрпақ жалғастығын үзіп алмау тақырыбын қозғайтын мұндай еңбекті

- Бұл - мен ойлап тапқан нәрсе емес, ел ішінде ежелден бар аңыз ғой, - деді Айжарық мақтау сөздерге сәл ыңғайсызданып. - Ауыздан ауызға, атадан балаға көшкен шежірелер осылай өрбітеді.

- Біліп отырмын, «Өкіреш найман» туралы әпсана бала кезімізде еміс-еміс біздің де құлағымызға тиіп қалатын. Сіз романда сол аңызды жүйеге келтіріп, реалды оқиғаға айналдырғансыз, философиялық астарлы ашқансыз. Тірі бейнеге айналған образдар көз алдында кетпей тұрып алады... Шынымы айтсам, мен осы романды оқығаннан бері тыныштықтан айрылдым. Жатсам-тұрсам ойымнан шықпайды. Сол есермен менің де бойыма бірден біте бастағандай. Тасқа айналған әр алуан бейнелер қылаң береді. Мен, сіре, осы таңқырыпта мүсін соқпасаң болмас. Онсыз мына «аурудан» жазылар түрім жоқ. Атын «Найман-Ана ескерткіші» дейміз бе жоқ, «Ұлыстың басталуы» деген жөн бе, ол жағын ақылдаса жатармыз.

- Сенің ойыңша, ескерткіште неше адамның бейнесі тұру керек? Өлде Найман-Ана бір өзі бой көтере ме? - деді Айжарық болашақ монументті көз алдына келтіруге тырысып.

- Міне, осы жағын ойласу керек боп тұр. Мен өзім әлі бір байламаға келе алмай жүрмін, - деді Барақ. - Егер Ақсұлу ананың жеке тұлғасы сомдалса, жұмыс көп жеңілдер еді. Бірақ, қарт батыр Ақсопы мен жас ару Қызенейді қалай ұмыт қалдырасың? Түптеп келгенде, еңбек - осы екеуінің ғой. Үшеуі түгел тұрмаса, тақырып та ашылмайды. Романда сіз де «осы үшеуінің қайсысының еңбегі жоғары» деген сауал тастапсыз. Меніңше, үшеуінің де үлесі бар. Бұларды тіпті бір-бірінен ажыратуға болмайды...

Осы сәтте күтуші жігіт бұлардың алдына ыстық көуап пен салқын сыра, әртүрлі ащы-тұщы дәм екілеп қойды. Бұлар бір мезет үлкен әңгімені үзіп, жүрек жалғап алуға кірісті.

- Ал енді менің сізге қояр бірнеше сұрағым бар, - деді Барақ аяқтарына «ел қонды-ау» деген мезетте. - Романда тарихи оқиға тікесуреттеледі. Оқиғаның дәл қай жерде, қай жасырда болғаны анық айтылмайды. Көркем шығармаға ондай талап қойылмайды да... Ал мұсін жасау үшін бұл керек. Уақыт таңбасы - киген киім мен қару-жарақ үлгісі үшін керек. Ал сіз, Айеке, аңызға айналған осы оқиға қай жасырда болған деп ойлайсыз?

- Шыңғысхан заманынан бір ғасыр кейін, - деді Айжарық бөгелместен. Бұрын да ой елегінен талай өткізіп, саралаған тақырыбы ғой, кірмей еркін сөйлеп отыр. - Тарихтан белгілі, наймандар - Шыңғысханнан бұрын да өз алдына хандық құрған, Иналғы Білге хаған, Байбұқа қаған (Таян хан), Бұйрық хан, Күшілік хан секілді хандары болған, іргелі ел ғой. Шыңғысхан кейін жазу-сызуды да, Тата Тұңқа секілді оқымысты хатшыны да осы наймандардан алған. Өріс-қонысы аса кең. Ханғай тау мен қазіргі Алтай, Тарбағатай арасын тұтас жайлаған алып мемлекет. Басында олар мұңғұл атымен мәлім болған қияттарды менсінбеген. Ешқандай қауіп те күтпеген. «Мұңғұлдардан күлімсі иіс шығып тұрады» деп,

талайы, өріс-қонысы, тарихтан алатын орны әр басқа. Олай болатын, Күшілік хан жеңілген соң, Шыңғысхан наймандарды бүкіл Азияға тарыдай шашып жіберді. Хағанның өзіне көп қарсыласқан найман мен меркітке тісі басулы болатын. Меркітті мүлде ел болудан айырды да (олар кейін Абақ керейдің бір табына айналып кетті), саны мол наймандардың бір жерде жиын отыруынан қауыптеніп, ұлыс-ұлысқа бөліп жіберді. Жошы, Шағатай, Үгедей ұлыстарына телімге берді. Бір бөлімі қолбасшы Кетбұқаның соңынан еріп, араб, парсы елдеріне негін ұзап кетті. Көп санды құраған негізгі бөлігі өзбек, ноғай, қарақалпақ, түрікпен, өзербайжан, татар-башқұрттардың құрамына кірді. Ал кейін қазақ хандығының бір ұстыны болған наймандар - Жошы ұлысында қалып қойған бөлігі. Хаған өсиетіне оның ұлдары мен немерелері де адал болды. Бату хан Батыс жорығынан олжалы оралған соң, найманның бір бөлігін ағасы Орда Еженге қалдырып, тағы бір бөлігін Сібір жұртын басқарған інісі Шайбанға қосып берді. Шежіреде айтылатын Ақсопы мен Өкіреш наймандар ол кезде осы Шайбан өулетіне қарап тұрыпты. Бұл - мөлшермен, ХІҮ ғасырдың алғашқы жартысы.

- Ал, өріс-қонысы қай жер деп ойлайсыз?

- Халық қашанда өзінің кіндік кескен жерінен ұзамаған. Жаугершілікте ауа көшкенін өзінде, ата жұртына қайтадан оралып отырған. Ол кездегі Найманның қонысы да - Ертіс бойы, Барқытбелдің (Тарбағатайдың) күнгейі мен теріскейі...

- Сіз жаңа Сібір хандығына қарады деген жоқсыз ба?

- Сібір хандығына қарау - Сібірде тұрды деген сөз емес, хандықтың құзырына бағынып, алман-салық төлеп тұрды дегенді білдіреді. Елін жау шауып, ерек атаулыны түгел қырып, ел ағасы Ақсопы найманның ұрпақсыз қала жаздайтыны да осы тұс. Жеңіліс тапқан, хансыз, иесіз, телімге түскен ұлысты кім басынбайды. Бақұндес тайпалар, тіпті Шайбан өулетінің өзі найманнан кек қайтару үшін қырығанды әдейі ұйымдастырғанында дау жоқ.

- Сонда, «Өкіреш» атанып жүрген кім? Ақсопы қарттың өзі ме, әлде оның баласы ма?

- Баласы ғой. Баласының азан шақырып қойған аты - Белгібай. Тоқсандағы қарттан туып, иісі найманға ата болған жалғыз ұл осы емес пе? «Тоқсандағы шал жас сұлудың қойнында өкіріп барып өліп кетіпті. Содан туған баласының атын «Өкіреш» қойыпты» деп, кезінде іргелес тайпалар сан-саққа жүгіртсе керек. Біз, бәріміз сол Белгібайдан тараймыз. Ақсұлу әжеміз кейін қайыны саналатын Белгібаймен некелесіп, одан Сүйініш атты ұл тумай ма. Сүйініштен біздің бабамыз Төлегетай туады. Төлегетай өулетін «бәйбіше наймандар» деп атайтыны содан. Белгібай одан кейін де бірнеше әйел алады. Кіші әйелдерінен Сүгірше, Серікбай, Кетбұқа, Келбұқалар тарайды. Сүгірше - мына сенің атаң. Ақсопының шебересі Төлегетай - өз Жәнібектің оң қол уәзірлерінің бірі. Демек, аталмыш қырғынан кейін Наймандар Шайбанилер ықпалынан

отыр Тіпті, шекараның арғы бетіндегі Шәуешек, Құлжа, Үрімжі қалалары да бізге бөтен емес. Қазір жерге бетінде өкіреш найманнан тараған ұрпақ төрт миллионнан асты десек, соның бір миллионы Шыңжаңда жатыр. Болашақ ескерткішке тілектес қауымның мөлшерін осыдан-ақ біле беріңіз.

- Олай болса, біздің бастамамыз халықаралық сипат алатын түрі бар-ау! - деді Барақ желпініп. - Мұны айтып отырғаным, бұл ескерткішке қырауар қаржы керек қой. Монументтің қасынан шырақшылар үйін тұрғызу, шежірелер, альбом-кітаптар шығару керек дегендей... Қоғамдық қор құрмасақ, ондай қаржыны бізге кім бере қояды.

- Иә, қор құрмаса болмайды. Оны «Халықаралық Найман-Ана қоры» деп атаған дұрыс болар, - деді Айжарық оны қостап. - Қордың басалқы мүшелігіне тоғыз таңбалы найман өулетін түгел қатыстырамыз.

- «Тоғыз таңбалы найман» дедіңіз бе? Олар кімдер сонда? Жазып алайыншы! - деп Барақ манадан бері керегін түртіп алып отырған блокнотын тағы ыңғайлады.

- Тоғыздың құрамын әркім әртүрлі айтады. Мен шежірелерді сұрыптай келе, таңба алған руларға мыналарды жатқыздым: Алғашқы төрт таңбаны Белгібайдың бәйбішесінен (Ақсұлудан) тараған Төлегетай өулеті алғаны даусыз. Олар - «төрт Төлегетай» атанған: Қаракерей, Садыр, Матам, Төртұыл рулары. Сонан кейінгі үш таңба Ертіс бойындағы Ергенекті тобына: Көкжарлы, Бура, Сарыжомартқа тиген. Қалған екі таңба - Жезқазған, Ұлытаудағы Бағаналы мен Балталыда. Оныңшы атауға таңба жетіспей қалған соң, бір ағасының таңбасын теріс басып, «Терістаңбалы» атаныпты деген сөз бар. Оның ессіне, Терістаңбалыға «ісі найманның нұқта ағасы» деген ерекше мәртебе берілген. Міне, қазақ хандығының құрамына кірген найман рулары - осылар.

- Рахмет, Айеке! Жалпы, Найман-Ана тақырыбын алғаш көтерген өзіндік ғой. Ескерткіш жасалып болған соң, тұғыртасына: «Найман-Ана» романының сюжеті бойынша» деп жазып қоятын шығармыз.

- Ол жағын ақылдасайық. Баба бәрімізге ортақ. Мен ескерткішті сөзбен соқтым, сен енді тастан соғасың. Илегеніміз - бір терінің пұшпағы екуіміз де перзенттік парызымызды өтеп жүрміз ғой - деді Айжарық сағатына көз салып.

Сағат екіден асып қалыпты. Арада үш сағаттың қалай өте шыққанын екеуі де байқамапты. Бұлар көліктері келгенше далаға шығып, табиғат аясында тағы біраз қыдырыстады.

- Мен, Алла сәтін салса, алдағы бірер айдың ішінде ескерткіш-монументтің эскизін жасап, бірнеше нұсқасын өзіңізге көрсетермін, - деді Барақ ойлы пішінде. Сіз оған дейін қордың жарғысын жазып, балсаққа енетін кісілерді іріктеп қойсаңыз жақсы болар еді.

- Жұмысты екі бағытта жүргізетін болдық қой, Ал, «іске сәт» дейік, ендеше! - деді Айжарық қолын ұсынып. Осы аралықта көліктері де келіп қалған. Келесі сәтте жазушы мен мүсінші машинаға отырып, қалаға қарай беттеп бара жатты.

(Жалғасы бар)

МИНИСТР А. САПАРОВ: МИНЕРАЛДЫ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ЖОСПАРЫ ҚЫЗЫЛОРДАДАН БАСҚА ОБЛЫСТАРДА ОРЫНДАЛҒАН ЖОҚ

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров:

- «Үкімет егіс науқанын қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етудің барлық мәселелерін шешті. Алғаш рет көктемгі егіс жұмысына жеңілдетілген кредит көлемі жылдық «таза» 5%-бен 580 млрд. теңгеге дейін жеткізілді. Өткен жылдары бұл көлем 180 млрд. теңгеден аспаған. Бөлінген қаражаттың 406 млрд. теңгесі игерілді, қалған 174 млрд. теңгесі игеру жұмыстарын жеделдету қажет», — деп Үкіметті мақтады.

Министрдің айтуынша Аграрлық несиелік корпорациясы арқылы Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорацияларды (ӘКК) қорландыру есебінен ауыл шаруашылығы өндірушілеріне жеңілдікпен қаржыландыру беру арналары кеңейтілді.

Дегенмен, бұл бағытта тек 5 өңір белсенділік танытқан.

Солтүстік Қазақстан (20 млрд теңге), Қостанай (20 млрд теңге), Павлодар (10 млрд теңге), Шығыс Қазақстан (10 млрд теңге), Қызылорда (5 млрд теңге) облыстары.

- «Қалған өңірлер Үкіметтің бастамасы негізінде іске асырылып жатқан шараларға тиісті деңгейде жұмыстар жүргізіп жатқан жоқ», — деп, министр реніш білдірді.

Тыңайтқыштар енгізу бойынша да үлкен жұмыс жүргізілді. Мәселен, өткен жылы бұқым жыл ішінде 679 мың тонна енгізілсе, биыл қазіргі уақыттың өзінде 1,1 млн тонна сатып алынған. Жоспар 1,5 млн тонна.

Биыл шаруалар қажетті көлем 2,4 млн тонна тұқыммен қамтамасыз етілген. Осы жылы элиталық тұқымдардың үлесі 7,1%-дан 9%-ға дейін өскен.

- «376 мың тонна жеңілдетілген дизель отыны литріне 250 теңгелік бағамен бөлінді, бұл нарықтық бағадан 15%-ға төмен. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында субсидиялау жүйесін жетілдіру бойынша көп жұмыс жүргізілді. Қаржы институттарының сыйақы мөлшерлемелерін жылдық «таза» 5%-бен тікелей субсидиялау тетігі енгізілді. Сондай-ақ, жылдық «таза» 5%-бен отандық өндірістегі ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдетілген лизингі бағдарламасы іске қосылды. Ауыл шаруашылығы министрілігі осы бағдарламаны іске қосу жөніндегі іс-қимыл жоспарын қабылдады, фермерлерден өтінімдерді қарау қарқынды жүріп жатыр», — дейді Ауыл шаруашылығы министрі.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін отандық тыңайтқыштарды аванстық

осы айда 5 млрд теңге сомасына 5 облыс Қарағанды, Түркістан, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Алматы

ға орындалды. Минералды тыңайтқыштар бойынша Қызылорда облысынан басқа өңірлерде

- «Іс жүзінде барлық облыста осы индикатордың орындалмау қаупі бар, сондықтан әкімдіктер осы бағыттағы жұмыстарға баса назар аударуы қажет», — деді алаңдаушылық білдірген Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров.

Еліміздің машина-трактор паркін жаңарту бойынша жоспардағы 5,5%-дық нақты 3,1% орындалғанын, Үкіметтен отандық ауыл шаруашылығы техникасының лизингіне «таза» 5%-бен жеңілдетілген қаражат бөлінгенін облыс әкімдері ауыл шаруашылығы өндірушілері арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жоспарлы индикаторларға қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс екенін де атап өтті.

Мал шаруашылығы саласында сүт пен құс еті бойынша импортқа тәуелділікті төмендету мақсатында әкімдіктер үшін ет бағытындағы құс фабрикаларын және тауарлық сүт фермаларын құру және кеңейту бойынша индикативтер жеткізілді. Мәселен, сүтті мал шаруашылығында импортты алмастыру жөніндегі міндетке сәйкес биыл қуаты 373 мың тонна сүтті құрайтын 65 тауарлы сүт фермасын іске қосу жоспарланған. Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 100 млрд теңге қаражат бағытталды.

- «І жартыжылдықтың қорытындысы бойынша қуаты 67,2 мың тонна сүт болатын 16 жоба пайдалануға берілді. Осылайша, жылдық жоспардың орындалуы 24,6%-ды құрады», — дейді министр.

Министрдің айтуынша, жоғарыда аталған жобаларды іске асырудың ажырамас бөлігі жоғары өнімді асыл тұқымды мал сатып алу. Тауарлы сүт фермаларының құрылысы шеңберінде биыл 30 мың ірі қара малдың аналық басының импорты жоспарланған. Бүгінгі таңда сегіз аймақ 7,4 мың бас әкелді немесе жоспарланған көлемнің 24,6%-ы орындалды.

Сонымен қатар ет бағытындағы құс фабрикаларын құру және кеңейту бойынша биыл жалпы қуаты 72 мың тоннаға жуық құс етін өндіретін 10 жоба жоспарланған, оның ішінде Алматы және Қызылорда облыстарында 2 жоба іске қосылған немесе бұл жоспардың 20%-ы.

Облыс әкімдіктері ветеринариялық пункттерді, мал қорымдарын немесе инсинераторлар мен сою пункттерін салу және сатып алу жөніндегі индикативтік жоспарды орындауды тиісті деңгейде жүргізбеген. Солтүстік Қазақстан және Жетісу облыстары орындағанын, қалған әкімдіктер тиісті көрсеткішке қол жеткізбеген.

Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаев:

ЕГІС КӨЛЕМІ АЗАЙҒАНМЕНЕН ӨНІМДІЛІКТІ 20-25% - ҒА АРТТЫРУҒА МҮМКІНДІК БАР

Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша Қызылорда облысы ауыл шаруашылығы өнімдері көлемін арттыру бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Бұл туралы ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында айтылды.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың мәліметіне қарағанда, Сыр өңірі минералды тыңайтқыштарды пайдалану көрсеткіші бойынша 1-орында, суды үнемдеу технологияларын енгізу бойынша 2-орында. Мұнан бөлек, өңірде арнайы техника паркін жаңарту көрсеткіштері жоғары.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысына егіс құрылымын әртарапандыру және су үнемдеу технологияларын енгізу шараларын баяндады.

«Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемін 2 есе арттыру жөніндегі тапсырмасын орындау үшін Қызылорда облысында 2024-2028 жылдарға арналған жол картасы бекітілді. Жол картасында 2024 жылға 18 көрсеткіш белгіленген, бүгінгі күні 5 көрсеткіш орындалды, 13 көрсеткіш жыл қорытындысымен толық орындалады. Бүгінгі күні 700 мың текше метр су лимитіне сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдары 190,9 мың гектарға, оның ішінде күріш 82 мың 400 гектарға егілді. Өткен жылмен салыстырғанда күріш егісі 6 мың 600 гектарға қысқарып, мал азықтық дақылдар көлемі 2 мың 400 гектарға ұлғайды. 2028 жылға қарай күрішті 72 мың 200 гектарға дейін оңтайландырып, су үнемдеу технологиясы арқылы мал азықтық және жүгері, көкөніс, бақша дақылдары көлемін көбейтеміз», - деді аймақ басшысы.

Күріш мелиоративтік дақыл болғандықтан, су үнемдеудің бірден-бір жолы - лазерлік тегістеу. Кейінгі жылдары шаруалар күріш атыздарына жасалған лазерлік тегістеу арқылы суды 20 пайызға дейін үнемдеп, өнімділікті 30 пайызға дейін көтеруге болатынына көз

жеткізді. Биылғы күріш егістігінің 55 мың гектары лазерлік тегістелді. Алдағы жылдары барлық алқап лазерлік тегістеуден өткізілетін болады. Осылайша егіс көлемі азайғанмен агротехнологияларды қатаң сақтау, минералды тыңайтқыштарды өз деңгейінде пайдалану, тұқым сапасын жақсарту, жаңа сорттарды өндіріске енгізу арқылы өнімділікті 20-25 пайызға дейін арттыруға толық мүмкіндік бар. Осының есебінен жыл сайын 450-460 мың тонна күріш өндіру көзделуде. Бұл көлем еліміздің күрішке қажеттілігін толық қамтамасыз етеді және экспорттық әлеует сақталады.

Аймақта күріштен басқа дақылдарға су үнемдеу технологияларын енгізу бытыр 872 гектар болған, биыл 4 мың 393 гектарға жеткізілді. Алдағы жылдары оның көлемі 34 мың 200 гектар болмақ. Бұл бағытта 3 ірі инвестициялық жоба қолға алынды. «Таң ЛТД» ЖШС қытайлық компаниямен бірлесіп, 3 мың гектарға тамшылатып суару әдісімен дән жүгері, «Р3А Агро» ЖШС жаңбырлатып суару әдісімен 1000 гектарға сүрлемдік жүгері, «Camel Pro» ШҚ 800 гектарға жоңышқа екті.

Облысқа инвестиция тарту мақсатында агроөнеркәсіптік кешендегі 2024-2026 жылдары іске асырылатын инвестициялық жобалардың жол картасы әзірленді. Онда 51,3 млрд. теңгенің 30 инвестициялық жобасы қамтылған. Биыл 13 инвестициялық жоба жоспарланып, бүгінгі күні 6-уы іске қосылды. Атырау облысының жоспарында биылғы 6 айда ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 104 пайызға артты. Оның ішінде өсімдік шаруашылығының өнімі 104,4 пайызға, мал шаруашылығының өнімі 104,3 пайызға ұлғайды.

Нұрлыбек Машбекұлы өз баяндамасында биыл көктемгі егін егу және дала жұмыстарына «Кең дала-2» жобасы шеңберінде 10 млрд. теңге жеңілдетілген несиелік бөлімнен алып, Сыр диқандарына қолдау көрсеткені үшін Үкімет басшысына алғысын жеткізді.

субсидиялау тетігі енгізілді. Осы тетік шеңберінде субсидиялар нормасы 50%-дан 60%-ға дейін ұлғайтылды.

Одан бөлек, су берушілерге шығындарды тікелей өтеуді көздейтін Су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізілді. Бұл ретте су үнемдеу технологияларын енгізуге ынталандыру үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен инвестициялық субсидиялау 50%-дан 80%-ға дейін артты.

Дала жұмыстарына кредит бергенде кепілмен қамтамасыз етудің қиындығын шешу үшін қарыз шарты сомасының 85%-ына портфельдік кепілдендіру енгізілді.

- «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 17 мыңға жуық микрокредит беру жоспарлануда. 2024 жылы 100 млрд теңге көзделген, оның ішінде

қаржыландырылды. Қалған қаражатты бөлу мәселесі қарастырылуда». Бұл - министрдің айтақы.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді екі есеге арттыру мақсатында Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін қадамдық Жол картасы бекітілді.

Үкімет жиналысында баяндама жасаған министр баяндамасында Қызылорда облысы бірнеше рет жақсы жағынан аталды.

- «Мақта бойынша жоспар толығымен орындалды, 16 мың га алқап қысқартылды. Қант қызылшасы сияқты әлеуметтік маңызы бар дақыл бойынша республика көлемінде жоспар 10,4%-ға орындалмады, атап айтқанда Алматы облысында жоспар тек 50%-ға, Жамбыл облысында 74%-

жоспар орындалған жоқ», — деп министр Қызылорда қарқынын тағы бір атап өтті.

Дегенмен, элиталық тұқымдардың үлесін арттыру жоспары 96%-ға орындалған.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Су ресурстары және ирригация министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі алдында су үнемдеу технологиясын қолдана отырып, суармалы жердің алаңын жылына 150 мың гектарға дейін ұлғайту міндеті қойылған. Ол бойынша бүгінгі күні нақты орындалуы 37,3%-ды құрайды.

Министрлік осындай технологияларды сатып алу кезінде шығындарды субсидиялауды жергілікті бюджет қаражаты есебінен 50%-дан 80%-ға дейін ұлғайту бойынша жұмыс жүргізген.

БҰҚАНЫҢ МЫҚТЫСЫ - ШОМБАЛ

Қазақстанда етті ірі қара мүйізділер тұқымдары арасында Ұлттық конкурстың жеңімпазы және жарыстың бас жүлдесі - жаңа УТО-МЕ404 тракторының иегері аталды!



қазақтың ақбас тұқымының, Қазақстанның ангус тұқымының, герсфорд тұқымының 56 бұқасы қатысты. Конкурс көрсетіліміне қалмақ тұқымының, сондай-ақ шароле, лимузин, обрак тұқымдарының бұқалары да қатысты.

Жеңімпаздарды Қазақстаннан, Ирландиядан, Шотландиядан және АҚШ-тан келген қазылар алқасының беделді құрамы көптеген жылдар бойы ірі қара мал өсірумен айналысатын етті мал шаруашылығы жөніндегі халықаралық сарапшылар таңдалды.

Етті ірі қара мүйізді тұқымдары арасындағы Ұлттық конкурс барысында жоғары өнімді асыл тұқымды төлдерді сағу бойынша аукциондар, ашық сауда-саттықтар өтті.

Сондай-ақ, «Jaņa Dala» Дала күнінде Еділбай тұқымының әр түрлі жыныс-жас топтарының асыл тұқымды қойлары және Павлодар облысының «AGRO TAWA» ЖШС-нен импорттық етті дорпер тұқымдарының қошқарлары, Ақмола облысының «Сүлейменов К» ШҚ-нан дорпер, суфолк, шароле қойлары ұсынылды. Асыл тұқымды қойлар көрмесіне Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облысының шаруа қожалықтары қатысты. Көрме барысында Еділбай тұқымының асыл тұқымды қойларының аукционды қошқар көтеру, жілік сындыру сияқты ұлттық ойындар өтті. Қой шаруашылығына арналған жабдықтар мен ветеринариялық препараттар, сондай - ақ қойшы иттердің жұмысы ұсынылды.

«Jaņa Dala» мамандаңдырылған көрсетім-көрмесі - 2013 жылдан бері өткізіліп келе жатқан дәстүрлі Дала күні форматындағы іс-шара. Көрме заманауи ауыл шаруашылығы технологияларының, селекциялық жетістіктердің, жоғары өнімді техниканың, сондай-ақ мал шаруашылығы, ветеринария, өсімдіктерді қорғау және органикалық егіншілік саласындағы инновациялық әзірлемелердің республикадағы ең ірі көрсетім алаңы болып табылады. Дала күні аясында Қазақстанның барлық өңірлерінен асыл тұқымды мал тұқымдарының көрсетімдері мен аукциондары өткізіледі.

«JaņaDala / GreenDay '2024» ақпараттық орталығы

Малшылар арасындағы конкурсқа Қазақстандық «Jaņa Dala»-ның Дала күні аясында өтті. Халықаралық қазылар алқасының шешімімен «Jaņa Dala» «Ең күшті бұқа» номинациясында Абай облысындағы «Дәурен» шаруа қожалығының «Шомбал» атты бұқасы жүлде иегері болды. «Шомбалға» 16 ай болды, салмағы 598 келі, туған кездегі салмағы 26 келі. Шомбал - қазақтың ақбас тұқымы.

Абсолюттік чемпион, «Шомбал» бұқасын сол жерде аукционда Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданының шаруашылықтарының бірі 1млн. теңгеге сатып алды.

Ақмола облысының «KazBeeF» ЖШС шаруашылығынан Ангус Қазақстан өкілі «Stevenson» атты бұқа вице-чемпион атанып, 1-шы орын иегеріне айналды.

Герсфорд тұқымы өкілі Қостанай облысының «Олга Арыстан ПК» шаруашылығынан «Стильный» атты бұқа 2-ші орынды иеленді.

3-ші орынды қазылар алқасы Әулікөл тұқымы Қостанай облысының Москалевское ЖШС шаруашылығынан «Тополь» атты бұқаға берді.

Жеңімпаздарға трактордың кілтін конкурс демеушісінің өкілі «АГРОТЕХМЕНЕДЖМЕНТ» ЖШС табыс етті.

Конкурсқа әулікөл тұқымының, Qazaq Aqbas

ОРТАҚ ІСКЕ БАРЛЫҒЫ ЖҰМЫЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте елді мекендерді абаттандыру, дамыту, тапсырмаларының орындалуы талқыланды.

Аймақ басшысы барлық елді мекеннің санитарлық тазалығына зерделеу жүргізілетінін ескертті.

- «Әкімшілік аумақтағы барлық елді мекеннің санитарлық тазалығын қатаң бақылауға алып, тұрақты түрде көркейтуді

көгалдандыру, әктеу-сырлау жұмыстарын жүргізіңдер. Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктері жол бойындағы өнімді, шұңқыр, жол белгілерінің барлығын қарап шығып, кемшіліктер болған жағдайда шұғыл қалпына келтіріңдер. Барлық басқарма, аумақтық департаменттер, республикалық мекемелердің облыстағы филиалдары ортақ іске жұмылдырылуы қажет. Облыс әкімінің орынбасарлары, қала әкімдігі бұған дейінгі бөлініс бойынша барлық сектордағы тазалықты қадағалап, тиісті жұмыстардың атқарылуын қамтамасыз етіңдер», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс әкімі аппаратына күнделікті зерделеуді әрі қарай жалғастырып, анықталған кемшіліктерді қалпына келтіру бойынша ұсыныс беру тапсырылды.

АБДРАМАНОВ НЕГЕ АУДАН АРАЛАДАДЫ?

Қызылорда облысы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары аудандарға іссапармен барды.

Департамент бастығының бірінші орынбасары полиция полковнигі Абдраманов Ермахан Әділханұлы Қармақшы, Жалағаш және Сырдария аудандарына іссапармен барды.



Аудандық полиция бөлімдерінің жеке құрамымен кездесіп, жұмыстарымен танысты.

Өткен аптада Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқасы өтті.

Жиында биылғы 6 айда ішкі істер органдары атқарған жұмыстың қорытындылары және Президент тапсырмаларын орындау барысы қаралды.

Министр алқа мәжілісінде полиция қызметін цифрландыру, заңсыз есірті қылмысымен күресті күшейту, алаяқтықпен күрес, отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, құқық бұзушылық

профилактикасы, жол қауіпсіздігі деңгейін арттыру қажеттігін мәлімдеді.

Алқа мәжілісінде көтерілген осы және полиция қызметіне қатысты өзге де мәселелерді, сондай - ақ Департамент бастығының тапсырмаларын Ермахан Әділханұлы жеке құрамның назарына жеткізді.

- ««Полиция - халыққа жақын болу қажет» деген қағида күн тәртібінен түспейді. Өзімізге жүктелген үлкен жауапкершілік пен тапсырмаларды жүзеге асыру жолында жоспарлы жұмыстар жүргіземіз. Осы бағытта полиция қызметкерлері мен қарапайым халықтың арасындағы қарым-қатынасты нығайта беру басты міндеттеріміздің бірі» - деді департамент бастығының бірінші орынбасары.

Сонымен қатар Е.Абдраманов аудандық полиция бөлімдерінің барлық салаларына жеке тоқталып, нақты нұсқаулар берді. Әрбір қызметкердің жеке жауапкершілігі туралы ескертіп, оларды сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол бермеуге, елге адал қызмет етуге шақырды.

Бұдан бөлек департамент бастығының бірінші орынбасары аудан әкімінің орынбасарымен бірлесіп, Ақтөбе ауылының тұрғындарын жеке мәселелерімен қабылдады.

Тұрғындардың талап - тілектерін мұқият тыңдаған Ермахан Әділханұлы айтылған мәселелерді назарға алынып, рет-ретімен шешілетінін жеткізді.

"Қала күнделігі"

ҚАСБЕТТЕР ЖАҢАРТЫЛУДА



Көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттерін жаңарту жұмыстары жалғасуда. Жоспар бойынша биыл шаһарда отыздан аса көпқабатты тұрғын үйдің қасбеті ретке келтіріледі.


АКЦИЯ ЖАЛҒАСУДА



Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясындағы тазалық жұмыстары жалғасуда. Бұл шараға мекеме, кәсіпорын қызметкерлері мен қала тұрғындары, ерікті жастар белсене қатысуда.

Акция барысында көше бойлары мен саябақтар, сквер-аллеялардың қоршаулары мен айналасы, аяқ су жүретін жолдары тазалануда. Ойын алаңдары мен демалыс орындары сырланып, жасыл-желектерге күтім жасалуда.

«ҚОРҚЫТ АТА» - ДА ДЕМАЛАМЫЗ



- «Қорқыт ата» мемориалы аллеясы қаладағы демалыс орындарының бірі болса да, мақсатты пайдаланылмай келеді. Яғни, көпшілік кең көлемде тыныға бермейді. Себеп – саябақтың бүгінгі күйі халықты баурайтындай жағдайда болмай тұр. Осыған орай, сәулетшілердің ұсынған заманауи дизайнымен жаңғырту жұмыстары жүргізіледі. Бұл игі бастаманы жақын күндері бастау жоспарға енгізілген – дейді қала әкімі С.Қожаниязов.

ОЙЫН АЛАҢДАРЫ ҚАРАУСЫЗ ЕМЕС...



Қызылорда қаласындағы балалар ойын алаңдарын күтіп-ұстау жұмыстары «РеалСтройСнаб» мекемесімен жүргізілуде.

Күтіп-ұстау жұмыстарына ойын алаңдарын тазарту, сырлау, сынған жерлерін қалпына келтіру, дөнекерлеу, жаңарту жұмыстары кіреді.

САЯЛЫ ОРЫНДАР СӘНІ - СУБҰРҚАҚ



Қаладағы Ы. Жақаев көшесі (Әйтеке би көшесінен Қорқыт ата көшесіне дейінгі аралығы) қайта жаңғыртылуда. Осы жоба аясында Арбат бойы жаңартылды. Түрлі сәнді субұрқақтар орнатылып, жалпы, шаһардағы субұрқақтардың саны 20-ға толықты.

"ПРЕЗИДЕНТТЕН" "ДЕНСАУЛЫҚҚА" ДЕЙІН ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ



Президент паркінен Денсаулық саябағына дейінгі аралық жан-жағында автокөліктер тұрағы бар, гүлзарлармен көмкерілген көркем орынға айналады.

«ШӨКЕНОВКЕ» АЯҚ СУ БАРДЫ



Б. Шөкенов атындағы саябаққа тазалық жұмыстары жүргізіліп, аяқ су берілуде.

“АБАЙ” ӘДЕМІ БОЛАДЫ...



“Абай” даңғылының бойындағы жаяу жүргіншілер жолы қайта жаңғыртылуда

ТОЗҒАНДАР ЖАҢАРТЫЛАДЫ



«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде қалаға қарасты Қызылжарма, Ақсуат, Досан, Қараөзек ауылы, Қараөзек бекеті, Айнакөл ауылдарындағы тозығы жеткен электр желілері қайта жаңғыртылып, жаңадан қоныстанушы аумақтарға электр желілері жүргізілуде.


Сондай-ақ «Инженерлік инфрақұрылымды дамыту» бағдарламасы аясында да қаладағы Жас Алаш, Теректі, Сарысу көшелерінде электрмен жабдықтау құрылысы, сондай-ақ, Белкөл кентіндегі Жерұйық, Сарыарқа, Бірлік көшелеріне электр желілері тартылды.

Биыл қала, оған қарасты кент және ауылдық округтерде ұзындығы 112,8 шақырымды құрайтын 95 көше қайта жаңғыртылып, орташа және күрделі жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

112,8 шақырым жолдың 39,5 шақырымы кент және ауылдық округтердің үлесінде. Нақты, 38 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ауыл халқы қолға алынған ауқымды жұмыстарға ризашылықтарын білдіруде.

Белкөл кентінің К.Өбдіқадыров көшесінің кіре-беріс бөлігі жеке инвестор есебінен қайта жаңғыртылды. Сондай-ақ, осы көшеге қалалық бюджеттен қаржы қаралып, халықтың жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасау мақсатында жаяу жүргіншілер жолы ел игілігіне табысталды.

ЫСТЫҚ СУ ТҮСІНДІРМЕСІ



Қала әкімдігі тарапынан көпқабатты тұрғын үйдің пәтерлерін орталықтандырылған ыстық сумен қамтамасыз етуге бағытталған қажетті шараларды қабылдайтын жұмысшы тобы бекітілген алгоритм бойынша қала аумағындағы көпқабатты тұрғын үй пәтер иелерімен орталықтандырылған ыстық суға қосу және оны жүргізу бағытында кеңінен түсіндірме жұмыстарын жүргізуде.

Тұрғындар тарапынан ыстық су жүйесіне қосылу жұмыстары пығынсыз, ақысыз негізде мердігер мекеме тарапынан жүргізіледі. Мердігер мекеме тарапынан көпқабатты тұрғын үйдің жергілікті (подвал) сулары тазартылып, электр желісі, ауыз су, көріз, жылу жүйесінің құбырлары жаңартылатын болады.